**Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру қағидаларын қолдану жөніндегі нұсқаулықты бекіту және Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы**

Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 22 желтоқсандағы № 1247 бұйрығы. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 26 желтоқсанда № 31256 болып тіркелді.

Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларының 4-тармағына сәйкес БҰЙЫРАМЫН:

1. Осы бұйрыққа 1-қосымшаға сәйкес Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру қағидаларын қолдану жөніндегі нұсқаулық бекітілсін.

2. Осы бұйрыққа 2-қосымшаға сәйкес өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің кейбір бұйрықтарының тізбесі бекітілсін.

3. Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаменті Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен:

1) осы бұйрықты Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде мемлекеттік тіркеуді;

2) осы бұйрықты алғашқы ресми жарияланғанынан кейін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің интернет-ресурсына орналастыруды;

3) мемлекеттік тіркелген күннен бастап күнтізбелік он күн ішінде осы тармақтың 1) және 2) тармақшаларында көзделген іс-шаралардың орындалуы туралы мәліметтерді Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Заң департаментіне жолдауды қамтамасыз етсін.

4. Осы бұйрықтың орындалуын бақылау Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігі Кадрлар департаментінің бастығына жүктелсін.

5. Осы бұйрық лауазымды адамдарға, оларға қатысты бөлігінде жеткізілсін.

6. Осы бұйрық алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Қазақстан Республикасы*
*Қорғаныс министрі*

*Р. Жаксылыков*

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі

2022 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 1247 бұйрығына
1-қосымша

## Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру қағидаларын қолдану жөніндегі нұсқаулық

## 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде әскери қызмет өткеру қағидаларын қолдану жөніндегі нұсқаулық (бұдан әрі – Нұсқаулық) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) 4-тармағына сәйкес әзірленді және Қағидаларды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне (бұдан әрі – ҚР ҚК) келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін азаматтар қатарынан кандидаттардың өтініштері мен құжаттарын қарау, әскери бөлімдер мен мекемелердің іріктеу комиссияларын құру және олардың жұмысын ұйымдастыру, кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу, әскери лауазымға тағайындау, оның ішінде бос әскери лауазымға уақытша тағайындау, келісімшарт жасау, оның ішінде әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшілермен әскери қызмет мерзімін ұзарту кезінде келісімшарт жасау, ротациялау, әскери атақ беру және одан айыру, ҚР ҚК-ға әскери қызметке кірген құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдар қызметкерлерін қайта аттестаттау, аттестаттау жүргізу тәртібі, Президенттік резервке қабылдау және одан шығару бөлігінде қолдануды нақтылайды.

2. Нұсқаулықта мынадай негізгі ұғымдар пайдаланылады:

1) ауыстыру туралы қолдаухат – әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) штат бойынша лауазымы мен әскери атағын, штаттық-лауазымдық санатын (бұдан әрі – ШЛС), ал егер лауазымда мемлекеттік құпияларға рұқсат көзделген болса, рұқсатнама нысанын көрсете отырып, әскери қызметшіні қабылдау туралы қолдаухаты;

2) әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) саптық бөлім бойынша бұйрығы – жеке құрамды әскери бөлімнің (мекеменің) тізіміне қабылдау және тізімнен шығару, қамтамасыз ету түрлеріне қою және олардан шығару, емделуде болу және емдеу мекемесінен қайтып оралу, денсаулық жағдайы бойынша қызметтік міндеттерін орындаудан босату, іссапарға, демалысқа, оқуға кету және олардан келу, міндеттерді уақытша атқаруды жүктеу, істер мен лауазымды қабылдау және тапсыру, қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының әскери атағын беру, азаматтық персонал адамдарын (қызметкерлерді) жұмысқа қабылдау және жұмыстан шығару, тәуліктік наряд құрамы туралы бұйрық;

3) баянат – әскери қызметшінің қызметтік және/немесе жеке мәселелер бойынша жазбаша жолданымы (оның заңнамада көзделген құқықтарын іске асыруда жәрдемдесу туралы қолдаухат);

4) жеке құрам бойынша бұйрық – әскери қызметшінің қызметтік жағдайын айқындайтын және әскери атақ беруді және одан айыруды, әскери атақты төмендетуді және қалпына келтіруді, штаттық лауазымға тағайындауды, қызметі бойынша ауыстыруды, сондай-ақ өкімге қабылдауды, төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды офицерлер құрамының лауазымдарына және азаматтарды қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазымына уақытша тағайындауды, әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасауды, әскери оқу орындарының (бұдан әрі – ӘОО) магистранттары, докторанттары мен адъюнкттері етіп қабылдауды, ӘОО-ларды және адъюнктураларды бітіруді, әскери қызметке запастан айқындауды, әскерге шақыру бойынша әскери қызметшілерді келісімшарт бойынша әскери қызметке айқындауды, әскери қызметтен шығаруды, әскери қызметте қалдыра отырып, мемлекеттік органдар мен ұйымдарға іссапарға жіберуді, ҚР ҚК-дан Қазақстан Республикасының басқа да әскерлері мен әскери құралымдарына іссапарға жіберуді және олардан ҚР ҚК-ға қабылдауды, ҚР ҚК әскери қызметшілерінің тізімінен әртүрлі себеп бойынша шығаруды, әскери бөлімнің (мекеменің) нақты атауының өзгеруіне байланысты лауазымдық жағдайды, сауалнама деректерінің өзгеруін ресімдейтін бұйрық;

5) лауазымды адамдар тізбесі – Қазақстан Республикасының Қорғаныс министрі ( бұдан әрі – Қорғаныс министрі) бекітетін жеке құрам бойынша бұйрықтар шығару құқығы берілген лауазымды адамдар тізбесі;

6) медициналық куәландыру – аурудың болу немесе болмау фактісін анықтау немесе растау, денсаулық жағдайын айқындау мақсатында жүргізілетін тексеру;

7) тікелей бастық – бағыныстыға жақын тура бастық;

8) уәкілетті лауазымды адам – Қағидаларда айқындалатын тәртіппен әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасау құқығы берілген лауазымды адам.

## 2-тарау. ҚР ҚК-ға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін азаматтар қатарынан кандидаттардың өтініштері мен құжаттарын қарау

3. Әскери қызметте тұрмайтын және ҚР ҚК-ға келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген азаматтар жергілікті әскери басқару органының бастығына немесе әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына) осы Нұсқаулыққа 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш береді.

4. Өтінішпен бірге азамат Қағидалардың 21-тармағында көзделген құжаттарды ұсынады.

5. Азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке іріктеуге жауапты әскери басқару органының (жергілікті әскери басқару органының немесе әскери бөлімнің (

мекеменің) бөлімшесі өтінішті алған кезде үш жұмыс күні ішінде қоса берілетін құжаттардың толықтығы мен түпнұсқалығын тексереді және ұсынылатын құжаттар Қағидалардың 21-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес келмеген жағдайда, өтініші тіркелген және қарауға қабылданған және осы уақыттан бастап келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кандидат (бұдан әрі – кандидат) болып табылатын азаматқа кемшіліктерді жою үшін бес жұмыс күн уақыт бере отырып, оларды толықтыру қажеттілігін көрсетеді.

6. Бес жұмыс күні ішінде қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда немесе кандидат "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының (бұдан әрі – Заң) 38-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде оған шағым беру құқығын түсіндіре отырып, негізделген және дәлелді жазбаша жауаппен құжаттарды қабылдаудан бас тартылады.

7. Құжаттарды зерделеу қорытындысы бойынша, бірақ кандидаттың өтініші тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей тиісті әскери басқару органының (жергілікті әскери басқару органының немесе әскери бөлімнің (мекеменің) басшысы кандидаттың материалдарын одан әрі қарау үшін іріктеу комиссиясына жолдайды.

**3-тарау. ҚР ҚК әскери бөлімдері мен мекемелерінің іріктеу комиссияларын құру және олардың жұмысы**

8. ҚР ҚК-да келісімшарт бойынша әскери қызметке кандидаттарды іріктеу бос әскери лауазымға жүзеге асырылады.

9. Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының бос әскери лауазымына тағайындау үшін кандидаттарды іріктеуді әскери бөлімнің (мекеменің) іріктеу комиссиясы жүргізеді.

10. Офицерлер құрамының бос әскери лауазымына тағайындау үшін кандидаттарды іріктеуді қорғаныс істері жөніндегі департаменттің іріктеу комиссиясы жүргізеді.

11. Қорғаныс істері жөніндегі департаменттер іріктеу комиссиясының құрамы тиісті департамент бастығының бұйрығымен бекітіледі, әскери бөлім (мекеме) іріктеу комиссиясының құрамы тиісті командирдің (бастықтың) бұйрығымен бекітіледі.

Іріктеу комиссиясының төрағасы болып қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының, әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) орынбасары тағайындалады.

Іріктеу комиссиясының құрамы мүшелердің тақ санынан, кемінде бес адамнан тұрады.

12. Жұмысты ұйымдастыру мақсатында іріктеу комиссиялары мынадай іс-шараларды жүргізеді:

кандидаттардың жеке істерін тексеру;

кандидаттардың әскери-есептік мамандығына (бұдан әрі – ӘЕМ) және тағайындау үшін қаралатын әскери лауазымның біліміне сәйкес келуін тексеру;

кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын тексеру;

осы Нұсқаулықтың 4-тарауына сәйкес кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

іріктеу комиссиясының отырысында іріктелген кандидаттарды қарау.

13. Іріктеу комиссиясының отырысы іріктеу комиссиясының төрағасы бекітетін жұмыс жоспарына сәйкес өткізіледі.

14. Іріктеу комиссиясының отырысы, егер оған оның құрамының кемінде үштен екісі қатысса, заңды деп саналады. Іріктеу комиссиясының қатыспаған мүшелерін ауыстыруға жол берілмейді.

Кворум болмаған жағдайда іріктеу комиссиясының отырысы он жұмыс күні ішінде қайта өткізіледі. Оның құрамының үштен екісінің қайта отырысқа қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы, әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) іріктеу комиссиясының жаңа құрамын бекітеді.

15. Іріктеу комиссиясының отырысы мынадай тәртіппен өткізіледі:

1) психологиялық іріктеу нәтижесімен бірге қалыптастырылған жеке іс материалдарын қарау, кандидаттың ӘЕМ-іне, біліміне, дене шынықтыру дайындығы мен кәсіби жарамдылығына сәйкес келуін тексеру;

2) кандидатпен әңгімелесу;

3) іріктеу комиссиясы мүшелерінің пікірлерін тыңдау;

4) дауыс беру және шешім қабылдау;

5) кандидатқа қабылданған шешімді жариялау.

16. Іріктеу комиссиясының шешімі қатысқан мүшелердің көпшілік дауысымен қабылданады. Іріктеу комиссиясы мүшелерінің дауыстары тең болған кезде комиссия төрағасының дауысы шешуші болып табылады.

17. Іріктеу комиссиясының шешімі хаттамамен ресімделеді.

18. Іріктеу комиссиясының хатшысы дауыс беруге қатыспайды.

19. Іріктеу комиссиясы отырыс қорытындысы бойынша мынадай шешімдердің бірін қабылдайды:

1) ұсынылады;

2) ұсынылмайды.

20. Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдаудан бас тартылған жағдайда осы Нұсқаулыққа 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада хабарламаны алған күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығына немесе әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (

бастығына) бас тарту себептерін көрсетумен және шағым беру құқығын түсіндірумен хабарлама жасалады. Бірінші данасы кандидатқа беріледі, ал екіншісі қорғаныс істері жөніндегі департаментте (әскери бөлімде (мекемеде) қалады.

Өтініш берушіге жауапты қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы, әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) шағым түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жолдайды.

21. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) іріктеу комиссиясының хаттамасынан үзінді негізінде кандидатпен қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазымында әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасайды, әскери қызметке қабылдау және әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрықтар шығарады.

22. Қорғаныс істері жөніндегі департамент шешім қабылданған күннен бастап үш жұмыс күні ішінде Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Кадрлар департаментіне (бұдан әрі – Кадрлар департаменті) іріктеу комиссиясы оған қатысты "ұсынылады" деген шешім қабылдаған кандидатқа оның әскери қызметке кіргені туралы бұйрық шығару және әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасау үшін хаттамадан үзіндіні және материалдарын жолдайды.

Әскери қызметке қабылдау және жеке құрамның тізіміне қабылдау туралы бұйрықтардан үзінділер әскери қызметшіні әскери есептен шығару үшін үш жұмыс күні ішінде жергілікті әскери басқару органдарына жолданады.

## 4-тарау. Кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу

23. Кәсіби және психологиялық іріктеуді қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің немесе әскери бөлімдердің (мекемелердің) психологиялық жұмыс мамандары жүргізеді.

24. Кәсіби және психологиялық іріктеу психологиялық тексеруді және әлеуметтік-психологиялық зерделеуді қамтиды.

25. Психологиялық тексеру кандидаттардың зияткерлік даму деңгейін, әскери қызмет өткеруге психологиялық жарамдылығын, кәсіби және жеке қасиеттерін (бұдан әрі – кәсіби-маңызды қасиеттер) психологиялық тестілеу әдісімен зерделеуді көздейді.

26. Психологиялық тексеру барысында мынадай міндеттер шешіледі:

1) зияткерлік қабілеттілік деңгейін айқындау;

2) оқи, жаза және өз ойын білдіре білуін тексере отырып, ақыл-ой кемістігінің белгілерін анықтау;

3) өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті, оның ішінде тұқым қуалайтын өзіне-өзі қол жұмсау белгісін анықтау;

4) жүйке-психикалық тұрақсыздық белгісін анықтау;

5) лауазымдық және функционалдық құзыретті орындау үшін қойылатын талаптарға сәйкес кандидаттың жеке басының басқа да қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтау;

6) ойынқұмарлық белгісін анықтау;

7) қаржылық проблеманы және кредиттік ұйымдарға шамадан тыс тәуелділікті анықтау (ресми кредиттік тарихын зерделеу).

27. Әлеуметтік-психологиялық зерделеу жеке тұлғаны тәрбиелеу және дамыту жағдайын, оның әскери-кәсіби бағытын, моральдық және ерік-жігері қасиеттерін, қарым-қатынас жасау ерекшеліктерін бағалауды көздейді және психологиялық тексеру нәтижесін растау мақсатында жүргізіледі.

Әлеуметтік-психологиялық зерделеу құжаттарды зерделеу, жеке әңгімелесу және қадағалау әдістерімен жүргізіледі.

28. Кәсіби және психологиялық іріктеу нәтижесі бойынша кандидаттың кәсіби жарамдылығы туралы мынадай қорытындының бірі шығарылады:

1) "ұсынылады" – осы санатқа жатқызылатын кандидаттар кәсіби-маңызды қасиеттерінің даму деңгейі бойынша әскери-кәсіби қызмет талаптарына сәйкес келеді;

2) "ұсынылмайды" – осы санатқа жатқызылатын кандидаттар кәсіби-маңызды қасиеттерінің даму деңгейі бойынша әскери-кәсіби қызмет талаптарына сәйкес келмейді.

29. Кәсіби және психологиялық іріктеу (зерделеу) нәтижесі кандидаттың жеке ісіне қоса тіркелетін психологиялық іріктеу (зерделеу) картасында көрсетіледі.

30. Тағайындау үшін психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеуді қолданумен тексеру жүргізу талап етілетін әскери лауазым тізбесіне кіретін әскери лауазымға кіретін кандидатқа қатысты тексеру жүргізу үшін жергілікті әскери басқару органы немесе әскери бөлім (мекеме) басшының қолы қойылған осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тапсырманы жасайды, оны тексеру жүргізуге уәкілетті жақын жердегі органға жолдайды. Мұндай кандидаттарды әскери қызметке қабылдау тек психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеуді қолданумен олар бойынша тексеру аяқталғаннан кейін ғана жүргізіледі.

## 5-тарау. Әскери лауазымға тағайындау

31. Әскери лауазымға тағайындау Қағидалардың 43-тармағының талаптары ескеріле отырып жүргізіледі.

32. Бір бейінді ӘЕМ Қағидалардың 44-тармағына сәйкес Қорғаныс министрі бекітетін олардың тізбесіне сәйкес айқындалады.

33. Қызметі бойынша жоғарылату немесе оқуға жіберу үшін әскери қызметшілердің кадрлар резервін кадр органы осы Нұсқаулыққа 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша

аттестаттау нәтижесі бойынша 10 желтоқсанға қарай қалыптастырады және басшыларына лауазымды адамдар тізбесіне сәйкес лауазымға тағайындау құқығы берілген әскери басқару органдарына жолдайды.

Кадрлар резервін нақтылау жыл сайын оқу жылының қорытындысы бойынша жүргізіледі.

34. Әскери қызметшілерді әскери лауазымға тағайындау тікелей бастықтың ұсынысы бойынша тура бастықтың шешімі бойынша жүргізіледі.

35. Әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) басқа әскери бөлімнің ( мекеменің) әскери қызметшісін өзіне бағынысты әскери бөлімде (мекемеде) әскери лауазымға тағайындауға келісімін құжаттамалық растау үшін кадр органы осы Нұсқаулыққа 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ауыстыру туралы қолдаухатты ресімдейді және оған әскери бөлім (мекеме) командирі (бастығы) қол қояды.

Ауыстыру туралы қолдаухат тағайындау үшін қаралатын әскери қызметші әскери қызмет өткеретін әскери бөлімде (мекемеде) ресімделетін әскери лауазымға тағайындау үшін ұсынымға қоса тіркеледі.

Бір әскери лауазымға ауыстыру туралы біреуден артық қолдаухатты ресімдеуге жол берілмейді.

Ауыстыру туралы қолдаухат ауыстыру және ротациялау жоспарларында көзделмеген жағдайда әскери қызметшіні бір әскери бөлімнен (мекемеден) басқа әскери бөлімге (мекемеге) тағайындауға ұсынылған жағдайда қажеттілік бойынша беріледі және ресімделеді.

36. Лауазымға тағайындаудан бас тартылған әскери қызметшінің қызмет орны бойынша басқа әскери қызметшіні лауазымды адамдар тізбесінен жоғары тұрған лауазымды адамның құқықтарымен ауыстыру туралы қолдаухат берілген бос әскери лауазымға тағайындаған жағдайда, сондай-ақ жоғары тұрған кадр органына бес жұмыс күніне дейінгі мерзімде тіркеу нөмірін, атына ол ресімделген әскери қызметшінің әскери лауазымын, әскери атағын, тегін, аты мен әкесінің атын көрсете отырып, ауыстыру туралы бұдан бұрын ресімделген қолдаухаттың іске асырылмауы туралы жазбаша хабарлама жолданады.

37. Әскери бөлімге (мекемеге) ауыстыру туралы қолдаухат келіп түскен кезде әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) әскери қызметшіге қатысты шешім қабылдауы бес жұмыс күні ішінде жүргізіледі.

Оң шешім қабылданған жағдайда кадр органы көрсетілген мерзімде "Әскери қызмет өткеру туралы келісімшарттың және ұсынымның үлгі нысандарын, сондай-ақ аттестаттау парағының нысандарын бекіту туралы" Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 29 қаңтардағы № 36қбпү бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16594 болып тіркелген) (бұдан әрі – ҚМ № 36қбпү бұйрығы) 6-

қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша ұсынымды ресімдейді. Тағайындау үшін ресімделген құжаттарға тиісті командирлер (бастықтар) қол қояды және жоғары тұрған әскери басқару органына жолданады.

Теріс шешім қабылданған жағдайда кадр органы осы мерзімде ауыстыру туралы қолдаухаттың тіркеу нөмірін, оның атына берілген әскери қызметшінің әскери лауазымын, әскери атағын, тегін, атын және әкесінің атын көрсете отырып, тағайындауға ұсынудан бас тарту туралы хабарламаны ресімдейді және ауыстыру туралы қолдаухат келіп түскен әскери бөлімге (мекемеге) жолдайды.

38. Психофизиологиялық және полиграфологиялық зерттеуді қолдана отырып, тексеру жүргізу талап етілетін әскери лауазым тізбесіне кіретін әскери лауазымға әскери қызметшіні тағайындау алдында тексеру жүргізу үшін кадр органы осы Нұсқаулыққа 3-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) қолы қойылған тапсырманы жасайды, оны тексеру жүргізуге уәкілетті органға жолдайды.

39. Әскери қызметшіні әскери лауазымға тағайындауға ұсыну үшін тура бастық бағыныстылығы бойынша баянат жолдайды. Оң шешім қабылданған кезде кадр органы ҚМ № 36қбпү бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша әскери бөлім ( мекеме) командирінің (бастығының) қолы қойылған ұсынымды ресімдейді. Тағайындау үшін дайындалған материалдарға тиісті командирлер (бастықтар) қол қояды және жоғары тұрған әскери басқару органына жолданады.

40. Ұсынылған материалдарды тексеруді және техникалық қатені жою үшін шаралар қабылдауды жоғары тұрған кадр органы үш жұмыс күні ішінде жүзеге асырады. Көрсетілген себеп бойынша материалдарды қайтаруға жол берілмейді.

41. Тағайындауды лауазымды адамдар тізбесіне сәйкес әскери басқару органының басшысы жүзеге асыратын осы әскери басқару органында қызмет өткеретін әскери қызметшіні немесе бірнеше әскери қызметшіні тағайындау кезінде үлгілік нысан бойынша ұсыным ресімделмейді және тағайындау туралы шешім осы Нұсқаулыққа 6-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тікелей бастықтың баянаты және/немесе ауыстыру жоспары негізінде қабылданады.

42. ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚК Бас штабының құрылымдық бөлімшелері арасында ауыстыру туралы бұйрық шығару үшін ҚМ № 36қбпү бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша ұсыным немесе басқа құжаттар (баянат, ауыстыру жоспары, бөлу жоспары) ресімделеді.

43. Әскери басқару органының бірінші басшысы құжаттарды зерделеуді және оларды келісуді материалдар келіп түскен күннен бастап бес жұмыс күнінен кешіктірмей жүргізеді, одан кейін ол осы тағайындаумен өзінің келісуін не келіспеуін жазбаша білдіреді. Тағайындаумен келіспеген жағдайда себебі көрсетіледі.

Ұсыным келісілгеннен кейін инстанция бойынша лауазымды адамдар тізбесіндегі лауазымды адамға жолданады.

Кадр мәселелері жөніндегі материалдар Кадрлар департаментіне мүдделі лауазымды адамдармен (құрылымдық бөлімшелердің, бас басқармалардың бастықтары, ҚР ҚК Бас штабы бастығының орынбасарлары және Қорғаныс министрінің орынбасарлары) келісілгеннен кейін ұсынылады.

44. Қызметтік міндеттерін орындаудан бес жұмыс күнінен астам мерзімге босату туралы саптық бөлім бойынша бұйрық негізінде лауазымды адам болмаған жағдайда кадрлық шешімдерді қабылдау және әскери қызметшілерді әскери лауазымға тағайындау туралы құжаттарды келісу оның орнында болатын адамға жүктеледі.

45. Осы Нұсқаулыққа сәйкес келісуден бас тарту туралы дәлелді шешім қабылданған жағдайда қоса берілетін құжаттармен ұсыным оларды ұсынған органға қайтарылады.

46. Қорғаныс министрінің және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабы бастығының бұйрықтарымен тағайындау жүргізілетін әскери лауазымға офицерлер құрамының адамдарын тағайындауға ұсынымдарды Кадрлар департаменті қарайды.

47. Тиісті командирлердің (бастықтардың) қарамағында тұрған әскери қызметшілерді тағайындау кезінде әскери қызметшінің бұрынғы атқарған лауазымы ескеріледі.

Қарамақта тұрған әскери қызметшілерді тағайындау тең немесе жоғары әскери лауазымға жүргізіледі.

Тиісті командирдің (бастықтың) қарамағында тұрған әскери қызметші төмен әскери лауазымға Қағидалардың 57-тармағына сәйкес тағайындалады.

48. Әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) қарамағында тұрған әскери қызметші үшін бос әскери лауазымды іріктеу кезінде қарамағында әскери қызметші тұрған кадр органы қарамағына шығарылған күннен бастап әскери басқару органдарына осы әскери қызметшіні бар ӘЕМ-ге сәйкес орналастыру туралы тиісті сұрау салуды жолдайды.

Лауазымдық жағдайды айқындау туралы шешім әскери басқару органдарынан келіп түскен жауаптар негізінде қабылданады.

Әскери қызметшіні тағайындау мүмкін болмаған кезде оның лауазымдық жағдайын айқындауда жәрдем көрсету үшін жоғары тұрған әскери басқару органының мекенжайына осы Нұсқаулықтың 43-тармағымен көзделген тәртіппен әскери қызметшіні орналастыру туралы ұсыным жолданады.

Тең немесе жоғары лауазымға тағайындау мүмкін болмаған жағдайда әскери қызметшіге төмен лауазым ұсынылады және осы Нұсқаулыққа 7-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әңгімелесу парағы толтырылады.

Қарамақта тұрған әскери қызметшіні тағайындау қолдаухат негізінде оны тағайындау мүмкіндігін жоққа шығармайды және осы Нұсқаулықтың 34, 35-тармақтарымен көзделген рәсімдерді сақтай отырып жүзеге асырылады.

49. Әскери бөлімнің (мекеменің) нақты атауына өзгеріс енгізілген кезде, сондай-ақ бөлімшенің бұрынғы атауы алып тасталған және жаңа атау (штаттан бөлімшені алып тастамай) енгізілген кезде есепке алу құжаттарына тиісті өзгерістер жеке құрам бойынша бұйрық шығармай, әскери қызметшілердің дербес және штаттық-лауазымдық есепке алу құжаттарына жазу арқылы енгізіледі.

Лауазымның атауы штаттан алып тастай отырып және ӘЕМ-ді немесе ШЛС-ты өзгертпей штатқа енгізе отырып өзгертілген кезде әскери қызметшілерді тағайындау лауазымды адамдар тізбесіне қарамастан командирлердің (бастықтардың) жеке құрам бойынша бұйрықтарымен жүргізіледі.

50. Атқаратын лауазымының сипаты бойынша мемлекеттік құпияларды құрайтын мәліметтерге қол жеткізу қажет әскери қызметшілерге мемлекеттік құпияларға рұқсатнама олар осындай лауазымға тағайындалған күннен бастап қырық бес тәуліктен кешіктірілмей ресімделуге тиіс.

Әскери қызметшіге мемлекеттік құпияларға рұқсат етуден бас тарту үшін негіздер анықталған жағдайда, ол міндеттерін орындау мемлекеттік құпияларды пайдалануға байланысты емес лауазымға ауыстырылуға жатады.

51. Құқық қорғау және арнаулы органдардан келген және Қорғаныс министрінің немесе тиісті командирлердің (бастықтардың) қарамағына қабылданған адамдар:

1) үшінші сыныпты сержантқа дейін теңестірілгендерді қоса алғанда, арнаулы атақтары немесе біліктілік шендері барлар – Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты техникалық және кәсіптік білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ӘОО-лар жанындағы базалық курстардан өту үшін;

2) капитанға дейін теңестірілгендерді қоса алғанда, арнаулы атақтары немесе біліктілік шендері барлар – Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын ӘОО-лар жанындағы офицерлердің базалық курстарынан өту үшін;

3) майордан бастап және одан жоғары теңестірілген арнаулы атағы немесе біліктілік шені барлар – Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің (бұдан әрі – Ұлттық қорғаныс университеті) жанындағы академиялық курстан өту үшін жіберіледі.

Ескерту. 51-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 15.01.2024 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

52. Одан әрі әскери қызмет өткеру үшін келген адам қарамағына қабылданған әскери басқару органы ол келгеннен кейін бес жұмыс күнінен кешіктірілмейтін мерзімде кадр органы арқылы ӘОО-ға тиісті курстарды ұйымдастыру үшін өтінім жолдайды.

53. Осы Нұсқаулыққа 8-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ӘОО берген офицерлердің базалық курсын бітіргені туралы куәлік және қорытынды бағалардан

үзінді штаттық әскери лауазымға тағайындау және қайта аттестаттау тәртібінде әскери атақ беру туралы бұйрық шығару үшін негіз болып табылады.

Сержанттар мен офицерлердің базалық курстарының, сондай-ақ академиялық курстардың бағдарламаларын Ұлттық қорғаныс университеті әзірлейді және оларды Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабының бастығы бекітеді.

**6-тарау. Келісімшарт жасау**

54. Келісімшартқа қол қою:

1) жоғары офицерлер құрамының ШЛС-ымен лауазымды атқаратын әскери қызметшілермен, Қорғаныс министрінің көмекшілерімен (кеңесшілерімен), Қорғаныс министрлігі аппараты басшысының орынбасарымен және Қорғаныс министрлігі құрылымдық бөлімшелерінің бастықтарымен – Қорғаныс министріне;

2) ҚР ҚК Бас штабы құрылымдық бөлімшелері бастықтарының лауазымын атқаратын әскери қызметшілермен – Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабының бастығына;

3) ҚР ҚК бас басқармалары бастықтарының, ҚМ (ҚР ҚК) орталықтарының және бағыныстылығы бойынша жекелеген басқармалар бастықтарының лауазымын атқаратын әскери қызметшілермен – Қорғаныс министрінің орынбасарларына;

4) өз құрылымдық бөлімшелерінің бағынысты әскери қызметшілерімен, тікелей бағынысты әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлерімен (бастықтарымен) және осы лауазымға кіретін запастағы офицерлермен – ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚК Бас штабы департаменттерінің, бас басқармаларының, орталықтарының, жекелеген басқармаларының бастықтарына;

5) мемлекеттік органдарға, ұйымдарға және халықаралық ұйымдарға іссапарға жіберілген әскери қызметшілермен – Кадрлар департаментінің бастығына;

6) бағынысты әскери қызметшілермен, тікелей бағынысты әскери бөлімдердің ( мекемелердің) командирлерімен (бастықтарымен) және осы лауазымға кіретін запастағы офицерлермен – ҚР ҚК түрлерінің бас қолбасшыларына, ҚР ҚК Тыл, Қару-жарақ бастықтарына;

7) бағынысты әскери қызметшілермен, әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлерімен (бастықтарымен) және осы лауазымға кіретін запастағы офицерлермен – өңірлік қолбасшылықтар әскерлерінің (әскер тектерінің) қолбасшыларына;

8) бағынысты әскери қызметшілермен, магистранттармен, адъюнкттермен және докторанттармен, сондай-ақ осы лауазымға кіретін запастағы офицерлермен – Ұлттық қорғаныс университеті бастығына;

9) бағынысты әскери қызметшілермен және осы лауазымға кіретін запастағы офицерлермен – әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлеріне (бастықтарына);

10) бағынысты әскери қызметшілермен, курсанттармен, сондай-ақ осы лауазымға кіретін запастағы офицерлермен – ӘОО-лар бастықтарына жүктеледі.

**7-тарау. Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау**

55. Лауазымға уақытша тағайындау лауазымды адамдар тізбесіндегі лауазымды адамның жеке құрам бойынша бұйрығымен жүргізіледі.

56. Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілері Қарулы Күштер түрлері бас қолбасшыларының, Арнайы операциялар күштері, өңірлік қолбасшылықтар әскерлері мен әскер тектері қолбасшыларының басқармаларын қоспағанда, олардың бағынысында офицер болмаған жағдайда кемінде үш жыл үздіксіз әскери қызмет өтілі, жоғары білімі, базалық офицер курсынан өтуі болған кезде "майор" штаттық-лауазымдық санатынан жоғары емес офицер құрамының бос әскери лауазымына уақытша тағайындалады.

Базалық офицер курсынан өту туралы талап қаралып отырған әскери лауазымның әскери-есептік мамандығына сәйкес білімі бар, сондай-ақ әскери лауазымның әскери-есептік мамандығына сәйкес келмейтін білімі бар, бірақ қаралып отырған әскери лауазымның әскери-есептік мамандығы бойынша кемінде 3 жыл қызметтік іс тәжірибесі бар әскери қызметшілерге және "Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 2-тармағына сәйкес арнайы бастапқы оқытудан өткен әскери полиция органының әскери қызметшілеріне қолданылмайды.

Базалық офицер курсының бағдарламаларын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті әзірлейді, оларды Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы бекітеді және Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орны жанында жүргізіледі.

Медициналық мамандық пен "ақпараттық жүйелер және киберқауіпсіздік (IT мамандары)", "математикалық және компьютерлік модельдеу", "ғарыш техникасы және технологиялары", "ақпаратты қорғау әдістері мен жүйесі (криптография)", " журналистика (PR және SMM мамандары)" мамандықтары, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті – Орталық спорт клубы лауазымына олимпиада ойынының, әлем чемпионатының, Азия чемпионатының және әскери спорт түрі бойынша халықаралық жарыстардың жүлдегер спортшыларын тағайындау кезінде кемінде үш жыл үздіксіз әскери қызмет өтілінің болуы талап етілмейді.

Ескерту. 56-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 04.04.2024 № 317 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

57. Офицер құрамының бос әскери лауазымына Қорғаныс министрлігінің, Бас штабтың құрылымдық бөлімшелерін, ҚР ҚК бас басқармаларын және Қорғаныс министрлігі мен ҚР ҚК орталықтарын қоспағанда, бағынысында офицер болмаған жағдайда ӘЕМ сәйкес келетін мамандық бойынша жоғары білімі бар азаматтар, сондай-ақ тиісті құрамның әскери міндеттілері тағайындалады.

Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының бос әскери лауазымына лауазымға қажет білімі (негізгі орта білімі, орта білімі (жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік білімі) және орта білімнен кейінгі білімі) және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі бар азаматтар уақытша тағайындалады.

Ескерту. 57-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 15.01.2024 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

58. Азаматтар офицерлер құрамының бос лауазымына уақытша тағайындауға ұсынылған кезде тиісті командир (бастық) осы Нұсқаулыққа 9-қосымшаға сәйкес бос лауазымға уақытша тағайындау кезінде ұсынылатын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – Құжаттар тізбесі) қоса бере отырып, баянат жолдайды.

59. Азаматтарды қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазымына уақытша тағайындау олар әскери бөлімнің (мекеменің) жасақтау органына Құжаттар тізбесін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

60. Әскери лауазымға уақытша тағайындалған азаматтар бұйрық шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде еңбек шартын жасайды.

**8-тарау. Ротациялау**

61. Әскери қызметшілерді ротациялау осы Нұсқаулыққа 10-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр органы жыл сайын жасайтын әскери қызметшілерді ротациялау жоспары (бұдан әрі – Ротациялау жоспары) негізінде жүзеге асырылады.

62. Әскери қызметшілерді ротациялау ол бекітілгеннен кейінгі күнтізбелік жыл ішінде осы Нұсқаулықтың 5-тарауына сәйкес әскери қызметшілерді әскери лауазымға тағайындау арқылы әскери қызметті ұйымдастыруды ескере отырып жүргізіледі.

Ротациялау жоспары Қағидалардың 83-тармағында айқындалған жағдайлар туындаған әскери қызметшілер бойынша жасалады.

Ротациялау жоспарымен бір уақытта осы Нұсқаулыққа 11-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімі (бұдан әрі – Тізім) жасалады.

Тізімге Қағидалардың 84-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында айқындалған әскери қызметшілер және әскери қызмет мүддесінде Қағидалардың 45-тармағы негізінде екінші мерзімге лауазымда қалдырылуы мүмкін әскери қызметшілер енгізіледі.

63. Ротациялау жоспары мен Тізімге әскери бөлімнің (мекеменің) командирі ( бастығы) қол қояды және оны жыл сайын 10 желтоқсанға дейін лауазымды адамдар тізбесіндегі лауазымды адам бекітеді.

Ротациялау жоспары мен Тізімді инстанция бойынша келісу жүзеге асырылмайды.

64. Ротациялау жоспарына не Тізімге өзгерістер енгізу туралы шешімді оларды бекіткен лауазымды адам қабылдайды.

65. Бекітілген Ротациялау жоспарынан үзінділер және Ротациялау жоспарына өзгерістер бекітілгеннен кейін бес жұмыс күні ішінде бағынысты әскери бөлімдерге ( мекемелерге) жолданады және тиісті командирлер (бастықтар) әскери қызметшілерге жеткізеді.

66. Ротациялау шарттары:

1) әскери қызметшінің бір әскери лауазымда болуының күнтізбелік бесжылдық мерзімі;

2) офицерлер құрамы үшін:

осы Нұсқаулыққа 12-қосымшада көрсетілген климаттық жағдайы ауыр жергілікті жердегі бір әскери бөлімде (мекемеде) үздіксіз әскери қызмет өткерудің күнтізбелік үшжылдық мерзімі;

осы Нұсқаулыққа 13-қосымшада көрсетілген климаттық жағдайы ауыр жергілікті жердегі бір гарнизонда үздіксіз әскери қызмет өткерудің күнтізбелік бесжылдық мерзімі;

климаттық жағдайы ауыр жергілікті жерге жатпайтын бір гарнизонда үздіксіз әскери қызмет өткерудің күнтізбелік сегізжылдық мерзімі (стратегиялық, жедел-стратегиялық әскери басқару органдарында қызмет өткеретіндерді және Ұлттық қорғаныс университетінің профессор-оқытушы құрамын қоспағанда) болып табылады.

Магистратурада немесе докторантурада күндізгі оқу уақыты бір гарнизонда әскери қызмет өткеру мерзіміне есептелмейді.

67. Әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) ротациялау жүргізу нәтижесі туралы осы Нұсқаулыққа 14-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын 5-і күніне қарай жоғары тұрған кадр органдарына баяндайды.

## 9-тарау. Әскери атақтар беру және олардан айыру

68. Тиісті штаттық лауазымды атқаратын әскери қызметшіге кезекті әскери атақты беру үшін баянат атақтағы еңбек сіңірген мерзімі аяқталғанға дейін бір ай бұрын жеке құрам бойынша бұйрықтар шығаратын кадр органына жолданады. Баянатта атқаратын лауазымы, жеке нөмірі, әскери атақтағы еңбек сіңірген мерзімі, жеке сәйкестендіру нөмірі (бұдан әрі – ЖСН) және осы Нұсқаулыққа 15-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тәртіптік жазалардың болмауы туралы мәліметтер көрсетіледі.

Қағидалардың 95, 96 және 100-тармақтарына сәйкес кезекті әскери атақ беруге ұсынылуы мүмкін емес әскери қызметшілерге осы Нұсқаулыққа 16-қосымшаға сәйкес

әңгімелесу парағы жасалады, ол жеке ісіне тігіледі және сақталады. Қабылданған шешім және өткізілген әңгімелесу туралы номенклатурасына әскери атақ беру кіретін әскери басқару органына дереу хабарлама жолданады.

69. Офицерлер құрамының "лейтенант" алғашқы әскери атағын беруге материалдар Қағидалардың 89-тармағының 4) және 5) тармақшаларына сәйкес команда бойынша қағаз жеткізгіште, ал Кадрлар департаментіне бағыныстылығы бойынша жоғары тұрған штабпен және/немесе Қорғаныс министрінің жетекшілік ететін орынбасарымен келісілгеннен кейін жолданады және мыналарды қамтиды:

1) ҚМ № 36 қбпү бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша лауазымды уақытша атқару кезеңін міндетті түрде көрсетумен ұсынымды (мемлекеттік және орыс тілдерінде);

2) ҚМ № 36 қбпү бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес үш данада (мемлекеттік және орыс тілдерінде) офицерлер құрамының лауазымында әскери қызмет өткеру туралы келісімшартты;

3) жоғары білімі туралы дипломның және қосымшаның нотариат куәландырған көшірмесін;

4) әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) атына алған жоғары білімі туралы оқу орнынан архивтік растау анықтамасын;

5) Қорғаныс министрінің 2022 жылғы 25 қарашадағы № 1123 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 30766 болып тіркелген) Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің жеке құрамын есепке алу қағидаларына (бұдан әрі – Жеке құрамды есепке алу қағидалары) 35-қосымшаға сәйкес нысан бойынша қызметтік картаны;

6) қызметтік карточканың көшірмесін;

7) соттылығының болмауы туралы Қазақстан Республикасы Бас прокуратурасының Құқықтық статистика және арнайы есепке алу жөніндегі комитетінің (бұдан әрі – ҚСАЕК) анықтамасын;

8) жеке істің екі данасын.

Ескерту. 69-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 15.01.2024 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

70. Барлық деңгейдегі кадр органдары Жеке құрамды есепке алу қағидаларына 38-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери атақ берудің бақылау тізімдерін жасайды және ұдайы жүргізеді.

Әскери атақтар Қорғаныс министрінің және Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – ҚР ҚК Бас штабы бастығының бұйрықтарымен берілуге жататын офицерлерге тізімдер ШЛС-қа қарамастан, Кадрлар департаментіне 1 қарашаға қарай ұсынылады.

71. ҚР ҚК-ға әскери қызметке кірген құқық қорғау және арнаулы мемлекеттік органдардың қызметкерлеріне әскери атақ Қорғаныс министрінің бұйрығымен бар арнаулы атағынан төмен емес қайта аттестаттау тәртібінде беріледі.

72. Мерзімінен бұрын әскери атақ беру үшін кандидаттарды іріктеу және оларды аттестаттау комиссияларында (әскери кеңестерде) қарау жөніндегі жұмысты жергілікті жердегі кадр органдары жүргізеді.

Кандидаттарды іріктегеннен кейін Кадрлар департаментіне мынадай құжаттар ұсынылады:

1) ҚМ № 36 қбпү бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша сіңірген еңбегін міндетті түрде көрсетумен ұсыным;

2) Жеке құрамды есепке алу қағидаларына 48-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери қызмет өткеру туралы анықтама;

3) қызметтік карточканың көшірмесі;

3) аттестаттау комиссиясы (әскери кеңес) отырысының хаттамасынан үзінді.

Емдеу, оқытушылық, ғылыми қызметті жүзеге асыратын және ғылыми дәрежесі бар офицерлер үшін лауазымдық міндеттерден үзінділер және ғылыми дәрежесінің болуын растайтын құжаттар қосымша қоса тіркеледі.

73. Әскери атақтан айыру туралы бұйрық шығару үшін Кадрлар департаментіне бағыныстылығы бойынша жоғары тұрған штабпен келісілген мынадай құжаттар ұсынылады:

1) ҚМ № 36 қбпү бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша ұсыным;

2) сот үкімінің көшірмесі;

3) заңды күшіне енген үкімді орындау туралы өкім.

74. Жоғары офицерлер құрамының әскери атағын беру туралы мәселені қарау үшін Кадрлар департаментіне мынадай құжаттар жолданады:

1) ҚМ № 36 қбпү бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша ұсыным;

2) қызметтік мінездеме;

2) кадрларды есепке алу жеке парағы (барлық отбасы мүшелерінің ЖСН-ны, зайыбының және 18 жастан асқан балаларының қызмет түрін, лауазымын көрсетумен);

3) қызметтік карточканың көшірмесі;

4) соттылығының болмауы туралы ҚСАЕК анықтамасы.

## 10-тарау. Әскери қызметте болудың шекті жасына толған әскери қызметшілермен әскери қызмет мерзімін ұзарту кезінде келісімшарт жасау

75. Әскери қызметші әскери қызмет өткеретін әскери бөлімнің (мекеменің) кадр органы әскери қызметші әскери қызметте болудың шекті жасына толғанға дейін алты айдан кешіктірмей еңбек сіңірген жылдарын есептеу үшін оның жеке ісін Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Зейнетақымен қамсыздандыру орталығына жолдайды.

76. Әскери қызметшіге әскери қызметте болудың шекті жасына толуы туралы осы жасқа толған күнге дейін алты айдан кешіктірілмей осы Нұсқаулыққа 17-қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша хабарланады.

Егер әскери қызметші келісімшарт бойынша әскери қызмет мерзімін шекті жастан тыс ұзарту туралы ниет білдірсе, онда ол осы жасқа толған күнге дейін алты ай бұрын әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына) осы Нұсқаулыққа 18-қосымшаға сәйкес нысан бойынша оны медициналық куәландыруға жіберу туралы баянат береді.

Әскери қызметшіге медициналық куәландыруға жолдама әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) пікірін көрсете отырып, осы Нұсқаулыққа 19-қосымшаға сәйкес нысан бойынша беріледі.

77. Әскери қызметші шекті жастан тыс әскери қызмет мерзімін ұзарту үшін келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін кемінде төрт ай бұрын осы Нұсқаулыққа 20-қосымшаға сәйкес нысан бойынша әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне ( бастығына) жаңа келісімшарт жасау туралы баянат береді.

78. Командир (бастық) баянат бойынша оң шешім қабылдаған кезде кадр органы ҚМ № 36 қбпү бұйрығына 6-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша ұсынымды ресімдейді, ол әскери бөлімнің (мекеменің) командирінен (бастығынан) бастап және одан жоғары тиісті уәкілетті лауазымды адаммен келісу үшін жоғары тұрған әскери басқару органына жолданады.

Сонымен қатар, ұсынымға ҚМ № 36 қбпү бұйрығына 1-қосымшаға сәйкес үлгілік нысан бойынша әскери қызметші қол қойған әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт қоса беріледі.

79. Әскери қызмет мерзімін шекті жастан тыс ұзарту туралы материалдар Кадрлар департаментіне қолданыстағы келісімшарт мерзімі аяқталғанға дейін екі айдан кешіктірілмей ұсынылады.

80. Жеке құрам бойынша бұйрықтың жобасында келісімшарт жасалатын мерзім көзделеді және келісімшарттың заңды күшіне енетін күні белгіленеді.

81. Әскери қызмет мерзімін ұзартуды келісуден бас тартылған немесе Қорғаныс министрі әскери қызмет мерзімін ұзартудан бас тарту туралы шешім қабылдаған жағдайда осы шешімді қабылдаған әскери басқару органының кадр органы бес жұмыс күні ішінде осы Нұсқаулыққа 21-қосымшаға сәйкес нысан бойынша бас тарту себебі туралы хабарламаны ресімдейді.

82. Әскери қызметте болудың шекті жасынан тыс келісімшарт жасаудан бас тарту туралы шешім қабылдау үшін қызметтік қажеттіліктің болмауы, әскери қызметшінің қызметтік ісін тексерудің теріс актілерінің болуы, сондай-ақ әскери қызметшіні сипаттайтын басқа да құжаттамалық деректер негіздер болып табылады.

83. Келісімшарт мерзімі аяқталғаннан кейін қызметтен шығару туралы жеке құрам бойынша бұйрық әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізімінен уақтылы шығаруды

қамтамасыз ету мақсатында істер мен лауазымды тапсыру үшін қажетті уақыт ескеріле отырып, алдын ала шығарылады.

84. Қорғаныс министрі қызмет мерзімін ұзарту туралы оң шешім қабылдаған жағдайда келісімшартқа уәкілетті лауазымды адам қол қояды.

85. Келесі жылы әскери қызметте болудың шекті жасына толатын офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің тізімі ағымдағы жылғы 15 желтоқсанға қарай осы Нұсқаулыққа 22-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Кадрлар департаментіне ұсынылады. ҚР Қорғаныс министрлігінің және ҚК Бас штабының департаменттері мәліметтерді тек бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) үшін ұсынады.

86. Келесі жылы әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімі аяқталатын офицерлер құрамы әскери қызметшілерінің тізімі Кадрлар департаментіне осы Нұсқаулыққа 23-қосымшаға сәйкес нысан бойынша ағымдағы жылғы 15 желтоқсанға қарай ұсынылады. ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚК Бас штабының департаменттері мәліметтерді тек бағынысты әскери бөлімдер (мекемелер) үшін ұсынады.

## 11-тарау. Аттестаттау

87. Әскери қызметшілерді аттестаттау Қағидалардың 150 және 151-тармақтарына сәйкес әскери бөлімнің (мекеменің) тиісті командирінің (бастығының) шешімі бойынша әскери қызметшілердің қызметтік ісін, олардың іскерлік және моральдық қасиеттерін ұдайы бағалау, офицер кадрларын дұрыс іріктеуді, орналастыруды және тәрбиелеуді қамтамасыз ету, сондай-ақ жекелеген әскери қызметшілердің әскери қызмет өткеру мәселелерін қарау мақсатында жүргізіледі.

88. Аттестаттау комиссиясының құрамы (атқаратын лауазымы бойынша) тиісті әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) бұйрығымен жарияланады.

89. ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚК Бас штабының құрылымдық бөлімшелеріндегі Жоғары аттестаттау комиссиясының және аттестаттау комиссияларының құрамы Қорғаныс министрінің бұйрығымен айқындалады.

Тізбесін Қорғаныс министрі белгілейтін лауазымда әскери қызмет өткеретін офицерлер мен генералдарды аттестаттауды Жоғары аттестаттау комиссиясы қарайды.

ҚР Қорғаныс министрлігі мен ҚК Бас штабы құрылымдық бөлімшелерінің аттестаттау комиссиялары осы құрылымдық бөлімшелердегі лауазымда әскери қызмет өткеретін әскери қызметшілерді аттестаттауды қарайды.

Әскери бөлімдердің (мекемелердің) аттестаттау комиссиялары бірінші басшылардың орынбасарларын қоспағанда, осы әскери бөлімдерде (мекемелерде) әскери қызмет өткеретін барлық әскери қызметшіні аттестаттауды қарайды.

90. Аттестаттау комиссиясы комиссия мүшелері мен хатшысының тақ санынан тұрады. Аттестаттау комиссиясының құрамы (кемінде 5 адам):

1) төраға – әскери бөлім (мекеме) штабының бастығы немесе командирдің ( бастықтың) орынбасары;

2) төрағаның орынбасары – әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) орынбасары;

3) аттестаттау комиссиясының мүшелері – әскери бөлім (мекеме) командирінің ( бастығының) орынбасары (орынбасарлары), бөлімше командирлері (қызмет бастықтары), кадр және заң бөлімшелерінің, тәрбие және идеологиялық жұмыстар бөлімшесінің өкілдері;

4) хатшы – бөлім офицерлерінің бірі.

91. Аттестаттау комиссиясының төрағасы уақытша болмаған жағдайда оның міндеттерін төрағаның орынбасары, ал комиссия хатшысы болмаған жағдайда – аттестаттау комиссиясы мүшелерінің бірі атқарады. Мұндай жағдайда аттестаттау комиссиясы отырысының хаттамасында аттестаттау комиссиясы төрағасының немесе хатшысының міндетін уақытша атқарушының лауазымы мен әскери атағы, тегі мен аты-жөні көрсетіледі.

92. Аттестаттау комиссиясының отырысы, егер оған оның мүшелерінің кемінде үштен екісі қатысса, заңды болып саналады. Әскери қызметшінің іскерлік және жеке қасиеттерін бағалау туралы шешім, сондай-ақ аттестаттау комиссиясының ұсынымдары аттестатталатын әскери қызметші және оның тікелей бастығы болмаған кезде отырысқа қатысып отырған аттестаттау комиссиясы мүшелерінің қарапайым көпшілік дауысымен ашық дауыс беру арқылы қабылданады. Дауыстар тең болған кезде төрағаның дауысы шешуші болып табылады. Аттестаттау комиссиясының мүшелері қабылданған шешімдер үшін дербес жауапты болады.

93. Аттестаттау комиссиясының мүшелері оларды аттестаттау туралы мәселені қарау кезінде дауыс беруге қатыспайды.

94. Аттестаттау комиссиясының қорытындысы осы Нұсқаулыққа 24-қосымшаға сәйкес нысан бойынша хаттамаға енгізіледі, оған аттестаттау комиссиясының барлық құрамы қол қояды.

Комиссияның жекелеген мүшелері қабылданған шешіммен келіспеген кезде олар өздерінің ерекше пікірін хаттаманың соңында мазмұндайды.

95. Аттестаттау комиссиясы отырыстарының хаттамалары әскери бөлімнің ( мекеменің) құпия емес іс жүргізуінде есепке алынады.

96. Күндізгі оқу нысанындағы магистранттар мен докторанттарға оқу аяқталғаннан кейін қызметі бойынша пайдаланудың мақсатқа сәйкестігі туралы тұжырымдармен қызметтік мінездемелер жасалады.

97. Аттестаттау тәртібінің бұзылуына және оның объективті емес екеніне шағымды әскери қызметші Қағидалардың 152-тармағында белгіленген тәртіппен беруі мүмкін.

## 12-тарау. Президенттік резерв

98. Президенттік резервті қалыптастыру және оған қабылдау мәселелері Қағидалармен регламенттеледі.

99. Президенттік резервке қабылдауға кандидаттардың материалдарын дайындау кезінде әскери қызметшінің арнайы тексеруден өтуі туралы мәліметтер ретінде мемлекеттік құпияларға рұқсатнаманың нысаны, нөмірі мен күні көрсетіледі.

100. Президенттік резервтен шығару туралы баянат беруді Президенттік резервте тұратын әскери қызметшінің тікелей бастығы команда бойынша жүзеге асырады. Баянат шығару үшін негіз болатын материалдарды қоса бере отырып, Қорғаныс министрінің атына беріледі.

101. Әскери қызметтен шығарылған кезде әскери қызметшіні лауазымынан босатуға ұсынымды енгізумен бірге оны Президенттік резервтен шығару туралы ұсыныс енгізіледі.

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
1-қосымша

Нысан

(Кімге)

__________________________
жергілікті әскери басқару
органының (ҚІБ, ҚІББ)
басшысы, әскери бөлімнің
(мекеменің) командирі
(бастығы)
(кімнен) ___________________
азаматтың тегі, аты және
әкесінің аты (бар болған кезде)

____________________________
туған күні, айы және жылы

___________________________
тұрғылықты жері

**Өтініш**

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы"
Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес менің құжаттарымды
Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне _____________________________
жыл мерзімге келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру және

________________________________________

(лауазымның атауы, әскери бөлім (мекеме)
бос әскери лауазымына тағайындау үшін қабылдауыңызды сұраймын.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін кандидаттарды іріктеуден өткізу шарттарымен және тәртібімен таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін. Қазақстан

Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларының 21-тармағына сәйкес осы өтінішке ұсынылатын құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Қосымша: ____________________________________________________

__________________________________________________________________

__________________________________________________________________

қолы, күні

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
2-қосымша

Нысан

(Кімге) ___________________________

бұрыштық мөртаңба

_
тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

**Хабарлама**

Сізге _______________________________________________ байланысты келісімшарт

(қандай себеппен бас тарртылғаны көрсетіледі)

бойынша әскери қызметке қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлаймыз.

Сізге қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығына (әскери бөлім (мекеме) командиріне (бастығына) хабарлама алған күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде шағым беруге құқығыңыз бар екенін түсіндіреміз.

_________________________________________________

(лауазымнын атауы)

_________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
3-қосымша

Нысан

Кімге_____________________
әскери полиция органы
_________________________

**Полиграфологиялық зерттеуді жүргізуге тапсырма**

Кімге: _________________________________________________________________
__

(лауазымнын атауы, (әскери атағы, тегі және аты-жөні)

Сізден полиграфты қолданумен мыналарға қатысты сауал жүргізуді сұраймын:

1. ___________________________________________________________

(әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде) көрсетіледі)

2. ___________________________________________________________

Полиграфологиялық зерттеу жүргізілсін: қазақ, орыс тілдерінде немесе аудармашының көмегімен өзге шет тілінде (керек емесі алып тасталсын).

Полиграфологиялық зерттеу жүргізудің мән-жайы: полиграфологиялық зерттеуді жүргізу үшін барлық мән-жай көрсетіледі (зерттелудегі адам қандай құжаттың (баянат, баяндама-анықтама, хат) негізінде, қандай мақсатта, қандай лауазымға және бөлімшеге тағайындалады).

Тапсырманың бастамашысын қызықтыратын анықтау үшін қажетті сұрақтар:

лауазымға тағайындауға құқыққа қайшы ниет (тыйым салынған қоғамдық бірлестіктердің, қылмыстық және террористік (құрылымды бұзатын) ұйымдар қызметінің мүддесінде);

мінез-құлқының жасырын ауытқуы, жағымсыз тәуелділігі, есірткі, психотроптық және психикалық және физикалық тәуелділікті туғызатын өзге де психикалық белсенді заттарды тұтынуы;

қызметін толық атқаруға кедергі келтіретін жасырын ауруы, өзіне-өзі қол жұмсауға бейім болуы;

сауалнамалық деректерін, кірістері туралы мәліметтерді жасыруы немесе бұрмалауы, коммерциялық құрылымдарға қатысуы, қос азаматтығының болуы, жалған құжаттарды пайдалануы;

бұрын орын алған сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасау, бөгде адамдарға құпия немесе қызметтік ақпаратты беру фактілерінің болуы;

тәртіптік, әкімшілік және қылмыстық жауаптылыққа тартылу, оның ішінде сыбайлас жемқорлық құқық бұзушылықтар жасағаны үшін жауаптылыққа тартылу фактілері;

тыйым салынған қоғамдық бірлестіктермен, қылмыстық және террористік ( құрылымды бұзатын) ұйымдармен байланысы;

лауазымдық өкілеттіктерін теріс пайдалануы, ұрлық жасауы, бюджет қаражатын ұрлауы және т.б.;

тапсырманың бастамашысына анықтауға қажетті өзге де сұрақтар (тәуекел факторлары).

Зерттелудегі адамның қызметтік мінездемесін, жеке басын куәландыратын құжатының көшірмесін, жеке ісінің 8-нысанын, сондай-ақ өмірбаян деректерін қоса беремін, ___ парақта.

Тапсырманың бастамашысы: ____________________________________

(лауазымы, әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20___жылғы "____" ______________

қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
4-қосымша

Нысан

Бекітемін

______________________________

(командир, қолбасшы)

______________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20 ___ ж. "___" _________

**20 __ жылы жоғары тұрған лауазымға ұсыну және оқуға жіберу үшін әскери қызметшілердің кадрлар резерві _______________________________________________ _________________ (әскери бөлімнің, әскер тегінің, қызметтің атауы)**

| Әскери атағы, әскери атақ берілген күні, тегі, аты және әкесінің аты, атқаратын лауазымы және қай уақыттан бастап | Туған күні, ұлты, әскери (арнайы) білімі, қысқа мерзімде қызмет өткеруі, сыныптылығы, жауынгерлік тәжірибесі, мемлекеттік наградалары | Соңғы аттестаттау бойынша қорытынды және басқа да мінездеме берілетін деректер | Кандидатты даярлау жөніндегі іс-шаралар | Лауазымға тағайындау, оқуға жіберу немесе тізімнен шығару туралы белгі және негіздеме |
|---|---|---|---|---|
| 1 | 2 | 3 | 4 | 5 |

**1. Ұсыну үшін:**

**_______________________________________________________________________________**

**2. Оқуға жіберу үшін:**

**_______________________________________________________________________________**

**Кадрлар басқармасының (бөлімінің, бөлімшесінің) бастығы**

**_______________________________________________________________________________**

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20___ ж. "_____" __________

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
5-қосымша

Нысан

___________________ **командиріне (бастығына)**

(басқару органының атауы)

Әскери бөлімнің (мекеменің)
бұрыштық мөртаңбасы

**Қолдаухат**

______________________________________________________________________________
(әскери қызметшінің әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

______________________________________________________________________________

______________________________________________________________________________
(әскери қызметшінің штат бойынша атқаратын әскери лауазымы)

берілді.

Ұсынылатын лауазым – ____________________________________________________

______________________________________________________________________________
(штат бойынша лауазымның атауы, ӘЕМ, ШЛС)

Лауазымдар номенклатурасында________________________________ нысаны бойынша

(рұқсат нысанын көрсету)

мемлекеттік құпияларға рұқсат беруді көздейді (көздемейді).

Көрсетілген лауазымға әскери қызметшіні тағайындауды қолдаймын.

________________________________ командирі (бастығы)

(басқару органының атауы)

________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

М.О.

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
6-қосымша

Нысан

Бекітемін

_________________________

(командир, қолбасшы)

______________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және
аты-жөні)

20 ___ ж. "___" ______________

**____________________________________________ әскери қызметшілерін (басқару органының атауы) ауыстыру жоспары**

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

| Р/с № | Әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты, туған күні, білімі, ҚК-да қай уақыттан бастап | Атқаратын лауазымы (ШЛС) | Жоспарланатын лауазым (ШЛС) | Ауыстыру тәртібі | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|
| 1. | | | | | |

**_______________________________ командирі (бастығы)**

(басқару органының атауы)

______________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
7-қосымша

Нысан

**Әңгімелесу парағы ___________________________________________________________ ___ (әңгімелесуді кім жүргізді, әскери атағы, тегі және аты-жөні, атқаратын лауазымы) ____ ______________________________________________________________ (әңгімелесу кіммен жүргізілді, әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде) __________________ __________________________________________ (әңгімелесу жүргізілген адамның лауазымдық жағдайы)**

| Р/с № | Сұрақтар | Жауаптар | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| 1. | Сіз ұйымдық-штаттық іс-шараларға байланысты, _____ жылғы__________ бастап (күні) ______________________ _________________ (қарамағында тұрған адамның лауазымы) қарамағына шығарылдыңыз. | | |
| 2. | Қарамағында болу мерзімі _____ жылғы ________ аяқталады. (күні) | | |
| 3. | Сіз Қарулы Күштерде қызметті жалғастырғыңыз келе ме ? | | |
| 4. | Сіздің лауазымдық жағдайыңызды анықтау | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | үшін Сізге мынадай лауазымдар ұсынылады: | | |
| 5. | ______________________ ______________________ (ұсынылатын лауазымның атауы, ШЛС , ӘЕМ) | | |
| 6. | ______________________ ______________________ (ұсынылатын лауазымның атауы ШЛС, ӘЕМ) | | |
| 7. | ______________________ ______________________ (ұсынылатын лауазымның атауы, ШЛС , ӘЕМ) | | |
| 8. | Төмен лауазымға тағайындалудан бас тартқан немесе басқа тең лауазымға тағайындау мүмкін болмаған жағдайда Сіз "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 26-бабы 1-тармағының 5) тармақшасына сәйкес әскери қызметтен запасқа шығарылуыңыз мүмкін. | | |
| 9. | Сіз зейнетақыға еңбек сіңірген жылдарыңыздың есебімен таныстыңыз ба және онымен келісесіз бе ? | | |
| 10. | Сіз тұрғын үймен қамтамасыз етілдіңіз бе? | | |
| 11. | Сіз шығарылған жағдайда әскери есепке қою үшін Сіздің жеке ісіңіз қандай қорғаныс істері жөніндегі | | |

| | | | |
|---|---|---|---|
| | басқармаға (бөлімге) жолдануы қажет? | | |
| 12. | _____________________ ____ басшылығына (басқару органының атауы) шағымыңыз бар ма? | | |

___________________________________________________________________________
__
(әңгімелесу өткізілген адамның әскери атағы, қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

___________________________________________________________________________
__
(әңгімелесуді жүргізген адамның әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Әңгімелесу өткізілген күн: 20__ ж. "___" ____________

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
8-қосымша

Нысан

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ ҚОРҒАНЫС МИНИСТРЛІГІ**

**КУӘЛІК**

**№ 0 0 0 0000**

**________________________________ ________________________________________________ ___ (әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) 20__ жылы _________________ ________________________________ жанындағы (әскери оқу орны, әскери бөлім) _______ ____________________________________________________ (курстың атауы) курсын табысты аяқтағаны үшін берілді. _______________________________________________ ________ (әскери оқу орны, оқу орталығы, жоғары оку орнының әскери кафедрасы) _______ ________________________ (әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні) М.О. Тіркеу № _____ _______________________________________________________ (әскери атағы, тегі, аты,**

**әкесінің аты (бар болған кезде) базалық офицерлер курсын аяқтағаны туралы қорытынды бағаларының ҮЗІНДІСІ**

| **Р/с №** | **Оқыған пән** | **Бағасы** | |
|---|---|---|---|
| 1 | Тактикалық, тактикалық-арнайы даярлық | | |
| 2 | Барлау даярлығы | | |
| 3 | Оқ ату даярлығы | | |
| 4 | РХБҚ | | |
| 5 | Ұрысты инженерлік қамтамасыз ету | | |
| 6 | Байланыс | | |
| 7 | Әскерлерді техникалық қамтамасыз ету | | |
| 8 | Әскерлерді тылдық қамтамасыз ету | | |
| 9 | Бөлімшенің күнделікті қызметін басқару | | |
| 10 | Мемлекеттік құпияларды қорғау | | |
| 11 | Әскери топография | | |
| 12 | Әскери педагогика және психология | | |
| 13 | Әскери-медициналық даярлық | | |
| 14 | Халықаралық гуманитарлық құқық | | |
| **Емтихандар мен сынақтар** | | | |
| **Р/с№** | **Оқыған пән** | **Тексеру түрлері** | **Бағасы** |
| 1 | Тактикалық даярлық | емтихан | |
| 2 | Бөлімшенің күнделікті қызметін басқару | емтихан | |

____________________________________________________________

(лауазымы, әскери атағы, тегі және аты-жөні)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
9-қосымша

## Бос лауазымға уақытша тағайындау кезінде ұсынылатын құжаттар тізбесі

Ескерту. 9-қосымша жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.01.2024 № 21 (алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

1. Жеке сәйкестендіру нөмірі бар Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың немесе оның электрондық нысанының көшірмесі.

2. Кадр қызметі куәландырған қосымшасы бар білім туралы дипломның көшірмесі.

3. Кадр қызметі растаған еңбек кітапшасының көшірмесі (еңбек өтілі болған жағдайда).

4. "Сыбайлас жемқорлыққа қарсы іс-қимыл туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес кірісі мен мүлкі туралы декларацияны тұрғылықты жері бойынша мемлекеттік кіріс органына ұсынғанын растайтын құжат.

5. Қазақстан Республикасы Бас Прокурорының 2020 жылғы 18 мамырдағы № 64 бұйрығымен (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 20674 болып тіркелген) бекітілген "Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама беру" мемлекеттік қызметті көрсету қағидаларына 4-қосымшаға сәйкес нысан бойынша соттылығының болуы не болмауы туралы анықтама.

6. Қазақстан Республикасы Денсаулық сақтау министрінің 2022 жылғы 7 сәуірдегі № ҚР ДСМ-34 бұйрығымен бекітілген (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 27505 болып тіркелген) Дәрігерлік-консультативтік комиссияның қызметі туралы ереженің 17-тармағының 8) тармақшасына сәйкес алдын ала медициналық куәландырудан өткені туралы құжат.

7. Фотосуреті бар резюме (нақты тұрғылықты мекенжайы мен телефоны, оның ішінде байланыс телефоны, білімі, жұмыс тәжірибесі көрсетіліп, еркін нысанда).

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
10-қосымша

Нысан

Бекітемін

______________________________

(лауазымы)

______________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20__ жылғы "___" ________

**20___ жылға арналған ________________________________ әскери қызметшілерін**
(басқару органының атауы)
**ротациялау жоспары**

| **Р/с №** | **Әскери атағы** | **Тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)** | **Атқаратын лауазымы, лауазымда қай уақыттан бастап, ШЛС** | **Туған күні, ұлты, білімі, білімі бойынша мамандығы, ҚК-да қай уақыттан бастап, келісімшарттың аяқталу күні** | **Әскери қызметшінің отбасы құрамы** | **Ротациялау үшін негіздеме** | **Жоспарланатын (ұсынылатын) лауазым, ШЛС** | **Ескертпе** |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

Әскери бөлімнің командирі ____________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
11-қосымша

Нысан

**Бекітемін**

________________________________

(лауазымы)

________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20__ жылғы " ___" ________

## 20___ жылға арналған ________________________________________________ (басқару органының атауы) ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімі

| Р/с № | Әскери атағы | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) | Атқаратын лауазымы, лауазымда қай уақыттан бастап, ШЛС | Туған күні, ұлты, білімі, білімі бойынша мамандығы, ҚК-да қай уақыттан бастап, келісімшарттың аяқталу күні | Әскери қызметшінің отбасы құрамы | Ротациялау үшін бар шарттар | Ротациялау жоспарына енгізбеу үшін негіздеме | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

**Әскери бөлімнің командирі ______________________________________ (әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)**

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
12-қосымша

## Әскери қызмет өткерудің шекті мерзімі 3 жылдан аспайтын климаттық жағдайы ауыр жергілікті жердегі әскери бөлімдердің (бөлімшелердің) тізбесі

| Р/с № | Гарнизон (әскери бөлім (бөлімше) атауы | Елді мекендер атауы |
|---|---|---|
| 1. | 51809-Г әскери бөлімі | Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы |
| 2. | 30153 әскери бөлімінің авиацияны бағыттау пункті<br>51809-В әскери бөлімі | Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының Жаңақазан кенті |

| | | |
|---|---|---|
| | 51809-Ж әскери бөлімі | Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Жем қаласы |
| 3. | 31767-Ж әскери бөлімі | Абай облысы Үржар ауданының Мақаншы кенті |
| 4. | 97617-В әскери бөлімі | Алматы облысы Райымбек ауданының Нарынқол кенті |
| 5. | 97368 әскери бөлімі<br>31767-Е әскери бөлімі<br>31767-И әскери бөлімі<br>47007 әскери бөлімі | Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының Серебрянск қаласы,<br>Күршім ауданының Боран кенті,<br>Тарбағатай ауданының Тұғыл кенті,<br>Абай облысы Жарма ауданының Жаңғызтөбе кенті |
| 6. | 31767-Д әскери бөлімі | Жетісу облысы Алакөл ауданының Достық кенті |

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану жөніндегі
нұсқаулыққа
13-қосымша

## Әскери қызмет өткеру 5 жылдан аспайтын шекті мерзімімен климаттық жағдайы ауыр жергілікті жер тізбесі

Ақмола облысында – Аршалы, Жарқайың, Есіл, Жақсы, Қорғалжын, Целиноград аудандары (Астана қаласын қоспағанда), Сілеті ауылдық округі және Степногорск қаласы;

Ақтөбе облысында – Байғанин және Мұғалжар аудандары;

Алматы облысында – Жамбыл, Іле, Талғар, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ, Райымбек, Қонаев, Қарасай, Балқаш аудандары;

Жетісу облысында – Алакөл, Ескелді аудандары (Талдықорған қаласын қоспағанда) , Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқанд, аудандары, Текелі қаласы және Ақсу ауылы;

Атырау облысында – облыстың барлық аумағы;

Шығыс Қазақстан облысында – Қатонқарағай, Күршім, Зайсан, Тарбағатай, Жаңасемей, Таскескен аудандары;

Абай облысында – Абай, Аягөз, Бесқарағай, Жарма аудандары, Үржар ауданының Мақаншы ауылдық округі, Семей және Курчатов қалалары;

Жамбыл облысында – Қордай, Мойынқұм Талас, Байзақ және Шу аудандары және Жаңатас қаласы;

Батыс Қазақстан облысында – Жаңақала және Бөкейорда аудандары, Теректі ауданының Тайпақ ауылдық округі;

Қарағанды облысында – Абай, Нұра, Шет, Ақтоғай, Қарқаралы аудандары, Балқаш, Приозерск қалалары, Шет ауданының Ағадыр ауылдық округі;

Ұлытау облысында – Жаңаарқа, Ұлытау аудандары, Жезқазған, Сәтбаев және Қаражал қалалары және Жәйрем кенті;

Қостанай облысында – Арқалық қаласы;

Қызылорда облысында – облыстың барлық аумағы;

Маңғыстау облысында – Қарақия, Бейнеу, Маңғыстау, Мұнайлы аудандары ( Өмірзақ ауылын қоспағанда), Ақтау, Жаңаөзен және Форт-Шевченко қалалары;

Павлодар облысында – Май және Лебяжі аудандары;

Солтүстік Қазақстан облысында – Айыртау ауданы;

Оңтүстік Қазақстан облысында – Созақ, Сарыағаш аудандары (Келес ауылдық округін қоспағанда), Түркістан және Сарыағаш қалалары.

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану жөніндегі
нұсқаулыққа
14-қосымша

Нысан

**20__ жылғы ___ тоқсан бойынша ______________________________ (басқару органының атауы) әскери қызметшілеріне ротациялауды жүргізу нәтижесі туралы мәліметтер**

| Р/с № | Ротациялау жоспарына енгізілген әскери қызметшілердің саны | Оларға қатысты ротация жүргізілген әскери қызметшілердің саны, оның ішінде: | Ескертпе |
|---|---|---|---|
| жоғары | тең | төмен | |
| | | | |

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
15-қосымша

Нысан

**ҚР ҚМ Кадрлар департаментінің бастығына**

**Баянат Сізден кезекті әскери атақ беру туралы қолдауыңызды сұраймын __________________ ___________________________________________________________ (қандай әскери атақ, қолданыстағы әскери атақ, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде), лауазымын қай уақыттан бастап атқарады, жеке нөмірі, ЖСН, қолданыстағы ә/атақта еңбек сіңірген мерзімі аяқталатын күн, тәртіптік жазалардың болмауы) Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі ( бастығы)**

Анықтама ретінде: кезекті әскери атақ беру туралы баянат әскери атақта еңбек сіңірген мерзімі өткеннен кейін ұсынылған жағдайда баянатты уақтылы ұсынбау себебі (ШЛС сәйкес келмеуі немесе тәртіптік жазасының болуы) көрсетіледі.

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану

жөніндегі нұсқаулыққа
16-қосымша

Нысан

**Әңгімелесу парағы ___________________________________________________________ ___ (әңгімелесуді кім жүргізді, әскери атағы, тегі және аты-жөні, атқаратын лауазымы) ____ _____________________________________________________________ (әңгімелесу кіммен жүргізілді, әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде) _________________ ____________________________________________ (әңгімелесу жүргізілген адамның лауазымдық жағдайы)**

| Р/с № | Сұрақтар | Жауаптар | Ескертулер |
|---|---|---|---|
| 1. | Сіз _______________ әскери атағында еңбек сіңірген мерзімнің аяқталатынын білесіз бе? | | |
| 2. | Қазіргіуақытта Сізде тәртіптік жаза бар ма? | | |
| 3. | Сіз Әскери қызмет өткеру қағидаларының 96 -тармағына сәйкес кезекті әскери атақ беруге алынбаған тәртіптік жазасы бар әскери қызметшілер ұсынылмайтынын білесіз бе? | | |
| 4. | Сізге тәртіптік жаза алынғаннан кейін әскери атақ беруге ұсынылатыныңызды хабарлаймыз | | |
| 5. | Сізде сұрағыңыз, өтінішіңіз немесе шағымыңыз бар ма? | | |

___________________________________________________________________________ __

**(әңгімелесу жүргізілген адамның әскери атағы, қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде) ____________________________________________________________________ _ (әңгімелесуді жүргізген адамның әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні) Әңгімелесу өткізілген күн: 20__ ж. "___" ____________**

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
17-қосымша

Нысан

**Хабарлама**

___________________________________________________________________________

(атқаратын әскери лауазымы)

___________________________________________________________________________ берілді.

(әскери қызметшінің әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 25-бабына сәйкес Сіздің әскери қызметте болуыңыздың шекті жасы ________________________ (әскери атағы бойынша шекті жасы)

болып белгіленді.

Сізді ___________________________________________________________________________

(ағымдағы жыл, туған күні, айы)

әскери қызметте болудың шекті жасына толатыныңыз және әскери қызметтен запасқа шығарылатыныңыз туралы хабардар етемін.

__________________________________________________

(лауазымының атауы)

__________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Хабарламаны алдым: ____________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

______________________

(күні)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
18-қосымша

Нысан

**_________________________ командиріне (бастығына) (басқару органының атауы)**

**Баянат**

Мені денсаулық жағдайыма байланысты әскери қызмет өткеруге жарамдылығымды айқындау мақсатында медициналық куәландыруға жіберуіңізді сұраймын.

___________________________________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде)

_______________________________

(күні)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
19-қосымша

Нысан

Әскери бөлімнің
(мекеменің)
бұрыштық мөртаңбасы

______________________________________________
_
(әскери-медициналық мекеме көрсетіледі)
бастығына (командиріне)

**Медициналық куәландыруға жолдама**

1. ________________________________________________________________ үшін

(медициналық куәландырудың мақсатын, сондай-ақ ӘДК-ға (ДҰК-ға) жіберу себебін көрсету – денсаулық жағдайы бойынша, әскери қызмет өткеру үшін жаңа келісімшарт жасау, әскери қызметте болудың шекті жасына толуы бойынша, ұйымдық-штаттық іс-шаралар бойынша алдағы уақытта әскери қызметтен шығару)

медициналық куәландыруға (тексеруге) жіберіледі

2. Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) ______________________________

3. Әскери атағы ____________________________________________________

4. Туған күні________________________________________________________

5. Әскери бөлім _____________________________________________________

6. Мамандығы ______________________________________________________

7. Әскери қызметке шақырылған (келісімшарт бойынша кірген) _______________

_______________________________________________________________________
_

(әскерге шақырылған, келісімшарт бойынша әскери қызметке кірген қорғаныс істері жөніндегі басқарма (бөлім), айы мен жылы көрсетілсін)

8. Алдын ала диагноз: _______________________________________________

9. Жіберілген күні ___________________________________________________

10. ӘДК (ДҰК) қорытындысын ___________________________________________

_______________________________________________________________________
__

(әскери бөлімнің немесе кадр органының атауы және пошталық мекенжайы)

жолдауыңызды сұраймын.

11. Ерекше белгілер ________________________________________

_____________________________________________________________ командирі

(бастығы)(басқару органының атауы)

_______________________________________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Ескертпе: Әскери қызметшілерді медициналық куәландыруға жіберу кезінде ДШӘ, ӘТК және АМБ қызметке жарамдылығын айқындау үшін 11-тармақта олардың арнайы мақсаттағы бөлімшелерге, теңіз жаяу әскеріне, десанттық-шабуылдау және барлау бөлімшелеріне, жауынгерлік жүзгіштерге және сүңгуірлер құрамына, сондай-ақ корабльдер мен кемелер экипажына тиесілігі не әскери қызметшінің парашютпен секіруге, танкілер мен басқа да машиналарды су астында жүргізуге, сондай-ақ теңізге шығуға тартылғаны туралы мәліметтер көрсетіледі.

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру<br>қағидаларын қолдану<br>жөніндегі нұсқаулыққа<br>20-қосымша

Нысан

______________________________ **командиріне (бастығына)**

(басқару органының атауы)

**Баянат**

Маған әскери қызметте болудың шекті жасынан тыс қызмет мерзімін ұзарту және __________________ жыл мерзімге келісімшарт жасау туралы қолдау көрсетуіңізді сұраймын.

Баянатқа мыналарды қоса беремін:

1. Әскери-дәрігерлік комиссияның қорытындысы;
2. Қызметтік мінездеме

__________________________________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде )

_________________________

(күні)

Келісілді

___________________________________________

(әскери бөлім (мекеме) кадр органының белгісі)

__________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

Әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) шешімі:

_______________________________________________________________________________

(материалды жолдау туралы шешім не бас тарту себебі көрсетіледі)

___________________________________________________ командирі (бастығы)

(басқару органының атауы)

________________________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

____________ (күні)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
21-қосымша

Нысан

**__________________ командиріне (бастығына)**
(басқару органының атауы)

Кадрлар департаментінің
бұрыштық мөртаңбасы

**Хабарлама**

____________________________________________________________________
__

(атқаратын әскери лауазымы)

____________________________________________________________________
__

(әскери қызметшінің әскери атағы, тегі, аты және әкесінің аты (ол бар болған кезде) шекті жастан тыс келісімшарт жасауға қатысты

____________________________________________________________________
__

(бас тарту себебі көрсетіледі)

____________________________________________________________________
__

себебі бойынша оң шешім қабылданбағаны туралы хабардар етемін.

__________________________________________________

(лауазымның атауы)

__________________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
22-қосымша

Нысан

**__________ жылы әскери қызметте болудың шекті жасына толатын офицерлердің тізімі**

| Әскери атағы | Тегі, аты, әкесінің аты, | Туған күні | | Бөлімше атауы | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|

| | | | | | |
|---|---|---|---|---|---|
| | атқаратын лауазымы | | Шекті жасқа толатын күні | | |
| | | | | | |

Ескертпе: Тізімдер Microsoft Office Excel-де Times New Roman-мен көлемі 12-ші шрифтегі қаріппен жасалады.

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
23-қосымша

Нысан

**_________ жылы әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт мерзімі аяқталатын офицерлердің тізімі**

| Әскери атағы | Тегі және аты-жөні | Жеке нөмірі | Келісімшарт мерзімі аяқталатын күні | Бөлімше атауы | Тағайындау номенклатурасы |
|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | |

Ескертпе: Тізімдер Microsoft Office Excel-де Times New Roman-мен көлемі 12-ші шрифтегі қаріппен жасалады. Тізімде 2 жылға әскери қызметке шақырылған, өкімде тұрған, бала күтімі бойынша демалыста болатын офицерлерді қоса алғанда, келісімшарт мерзімі аяқталатын офицерлер құрамының барлық әскери қызметшісі көрсетілуге тиіс.

ҚР ҚК әскери қызмет өткеру
қағидаларын қолдану
жөніндегі нұсқаулыққа
24-қосымша

Нысан

**Аттестаттау комиссиясының № ___ қорытындысы**

______________________________________________________________

(әскери бөлімнің, басқарманың, мекеменің, оқу орнының, құраманың немесе ҚК түрінің атауы)

Комиссия төрағасы

______________________________________________________________

(лауазымы, әскери атағы, тегі және аты-жөні)

Комиссия мүшелері

______________________________________________________________

(лауазымы, әскери атағы, тегі және аты-жөні)

Комиссия хатшысы

____________________________________________________________________________
(лауазымы, әскери атағы, тегі және аты-жөні)

| Р/с № | Аттестаттауға кім қаралды ( аттестатталушының әскери атағы, тегі, аты, әкесінің аты және лауазымы көрсетіледі) | Комиссия аттестаттау бойынша қандай қорытынды берді |
|---|---|---|

Ескертпе: Хаттаманың соңында аттестаттау комиссиясының отырысына шақырылған офицерлердің атағы мен тегі көрсетіледі.

**Комиссия төрағасы**
**Комиссия мүшелері**
**Комиссия хатшысы**
**20 __ ж. " ____" __________**

Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрі
2022 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 1247 бұйрығына
2-қосымша

**Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің өзгерістер мен толықтырулар енгізілетін кейбір бұйрықтарының тізбесі**

1. "Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін, тиісті құрамның әскери міндеттілерін не азаматтарды бос әскери лауазымдарға уақытша тағайындау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2017 жылғы 22 желтоқсандағы № 751 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16189 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

тақырып мынадай редакцияда жазылсын:

"Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау қағидаларын бекіту туралы";

1-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"1. Қоса беріліп отырған Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау қағидалары бекітілсін.";

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін, тиісті құрамның әскери міндеттілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау қағидалары осы тізбеге 1-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

2. "Ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімін жасау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2018 жылғы 9 қаңтардағы № 9 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 16277 болып тіркелген) мынадай өзгеріс енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімін жасау қағидалары осы тізбеге 2-қосымшаға сәйкес жаңа редакцияда жазылсын.

3. "Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің іріктеу комиссияларын құру және олардың жұмыс істеу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 13 қарашадағы № 910 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19616 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

көрсетілген бұйрықпен бекітілген Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің әскери бөлімдері мен мекемелерінің іріктеу комиссияларын құру және олардың жұмыс істеу қағидаларында:

4 және 5-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Әскери бөлімнің (мекеменің) іріктеу комиссиясы қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының бос әскери лауазымына тағайындау үшін кандидаттарды іріктеуді жүргізеді.

5. Азаматтарды Қарулы Күштерге келісімшарт бойынша әскери қызметке іріктеу " Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 21-бабының 2-тармағына сәйкес бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріндегі, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарындағы әскери лауазымдар және оларға сәйкес келетін әскери атақтар тізбесінде көзделген және бос болып табылатын лауазымға жүзеге асырылады.";

6-тармақтың бірінші және екінші абзацтары мынадай редакцияда жазылсын:

"6. Қорғаныс істері жөніндегі департамент іріктеу комиссиясының құрамы тиісті департамент бастығының бұйрығымен, әскери бөлім (мекеме) іріктеу комиссиясының құрамы тиісті командирдің (бастықтың) бұйрығымен бекітіледі.

Іріктеу комиссиясының төрағасы болып қорғаныс істері жөніндегі департамент бастығының, әскери бөлім (мекеме) командирінің (бастығының) орынбасары тағайындалады.";

7-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"7. Іріктеу комиссиясы жұмысты ұйымдастыру мақсатында мынадай іс-шараларды жүргізеді:

кандидаттардың жеке ісін тексеру;

кандидаттардың әскери-есептік мамандығына және тағайындау үшін қаралатын әскери лауазымның біліміне сәйкес келуін тексеру;

кандидаттардың дене шынықтыру дайындығын тексеру;

кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу;

іріктеу комиссиясының отырысында іріктелген кандидаттарды қарау.";

9-тармақ мынадай мазмұндағы екінші абзацпен толықтырылсын:

"Кворум болмаған жағдайда іріктеу комиссиясының қайта отырысы он жұмыс күні ішінде өткізіледі. Оның құрамының үштен екісінің қайта отырысқа қатысуын қамтамасыз ету мүмкін болмаған кезде қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы, әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) іріктеу комиссиясының жаңа құрамын бекітеді.";

15 және 16-тармақтар мынадай редакцияда жазылсын:

"15. Келісімшарт бойынша әскери қызметке қабылдаудан бас тартылған жағдайда осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша екі данада хабарламаны алған күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығына немесе әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне ( бастығына) бас тарту себептерін көрсетумен және шағым беру құқығын түсіндірумен хабарлама жасалады. Бірінші данасы кандидатқа беріледі, ал екіншісі қорғаныс істері жөніндегі департаментте (әскери бөлімде (мекемеде) қалады.

Өтініш берушіге қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығы, әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) шағым түскен күннен бастап он бес жұмыс күні ішінде жауапты жолдайды.";

16. Әскери бөлімнің (мекеменің) командирі (бастығы) іріктеу комиссиясының хаттамасынан үзінді негізінде кандидатпен қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазымында әскери қызмет өткеру туралы келісімшарт жасайды, әскери қызметке қабылдау және әскери бөлім (мекеме) жеке құрамының тізіміне қабылдау туралы бұйрықтар шығарады.";

17-тармақтың екінші абзацы мынадай редакцияда жазылсын:

"Әскери қызметке қабылдау және жеке құрамның тізіміне қабылдау туралы бұйрықтардан үзінділер әскери қызметшіні әскери есептен шығару үшін үш жұмыс күні ішінде жергілікті әскери басқару органдарына жолданады.".

4. "Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін азаматтар қатарынан кандидаттардың өтініштері мен құжаттарын қарау қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 18 желтоқсандағы № 1048 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19755 болып тіркелген) мынадай өзгерістер мен толықтыру енгізілсін:

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін азаматтар қатарынан кандидаттардың өтініштері мен құжаттарын қарау қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Әскери қызметте тұрмайтын және Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне келісімшарт бойынша әскери қызметке кіруге ниет білдірген азаматтар

жергілікті әскери басқару органының бастығына немесе әскери бөлімнің (мекеменің) командиріне (бастығына) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес нысан бойынша жазбаша өтініш береді.";

4-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"4. Азаматтарды келісімшарт бойынша әскери қызметке іріктеуге жауапты әскери басқару органының (жергілікті әскери басқару органының немесе әскери бөлімнің ( мекеменің) бөлімшесі өтінішті алған кезде үш жұмыс күні ішінде қоса берілетін құжаттардың толықтығы мен түпнұсқалығын тексереді және ұсынылатын құжаттар Әскери қызмет өткеру қағидаларының 21-тармағында көрсетілген тізбеге сәйкес келмеген жағдайда, өтініші тіркелген және қарауға қабылданған және осы уақыттан бастап келісімшарт бойынша әскери қызметке кіретін кандидат (бұдан әрі – кандидат) болып табылатын азаматқа кемшіліктерді жою үшін бес жұмыс күн уақыт бере отырып , оларды толықтыру қажеттілігін көрсетеді.";

мынадай мазмұндағы 4-1-тармақпен толықтырылсын:

"4-1. Бес жұмыс күні ішінде қажетті құжаттар ұсынылмаған жағдайда немесе кандидат "Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 38-бабында белгіленген талаптарға сәйкес келмеген кезде оған шағым беру құқығын түсіндіре отырып, негізделген және дәлелді жазбаша жауаппен құжаттарды қабылдаудан бас тартылады.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Құжаттарды зерделеу қорытындысы бойынша, бірақ кандидаттың өтініші тіркелген күннен бастап он жұмыс күнінен кешіктірмей, тиісті әскери басқару органының (жергілікті әскери басқару органының немесе әскери бөлімнің (мекеменің) басшысы кандидаттың материалдарын одан әрі қарау үшін іріктеу комиссиясына жолдайды.";

5. "Кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрінің 2019 жылғы 23 желтоқсандағы № 1060 бұйрығына (Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 19762 болып тіркелген) мынадай өзгерістер енгізілсін:

Кәсіби және психологиялық іріктеу жөніндегі іс-шараларды жүргізу қағидаларында:

2-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"2. Кәсіби және психологиялық іріктеуді қорғаныс істері жөніндегі департаменттердің және әскери бөлімдердің (мекемелердің) психологиялық жұмыс мамандары жүргізеді.";

5-тармақ мынадай редакцияда жазылсын:

"5. Психологиялық тексеру барысында мынадай міндеттер шешіледі:

1) зияткерлік қабілеттілік деңгейін айқындау;

2) оқи, жаза және өз ойын білдіре білуін тексере отырып, ақыл-ой кемістігінің белгілерін анықтау;

3) өзіне-өзі қол жұмсау әрекеті, оның ішінде тұқым қуалайтын өзіне-өзі қол жұмсау белгісін анықтау;

4) жүйке-психикалық тұрақсыздық белгісін анықтау;

5) лауазымдық және функционалдық құзыретті орындау үшін қойылатын талаптарға сәйкес кандидаттың жеке басының басқа да қасиеттері мен ерекшеліктерін анықтау;

6) ойынқұмарлық белгісін анықтау;

7) қаржылық проблеманы және кредиттік ұйымдарға шамадан тыс тәуелділікті анықтау (ресми кредиттік тарихын зерделеу).".

Қорғаныс министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір бұйрықтары
тізбесінің
1-қосымшасы
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2017 жылғы 22 желтоқсандағы
№ 751 бұйрығымен
бекітілген

## Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау қағидалары

### 1-тарау. Жалпы ережелер

1. Осы Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларына сәйкес әзірленді және төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау тәртібін айқындайды.

### 2-тарау. Төмен тұрған құрамның әскери қызметшілерін не азаматтарды бос әскери лауазымға уақытша тағайындау тәртібі

2. Лауазымға уақытша тағайындау лауазымды адамдар тізбесіндегі лауазымды адамның жеке құрам бойынша бұйрығымен жүргізіледі.

3. Төмен құрамның әскери қызметшілері "Әскери полиция органдары туралы" Қазақстан Республикасының Заңы 13-бабының 2-тармағына сәйкес арнайы бастапқы оқытудан өткен әскери полиция органының әскери қызметшілерін қоспағанда, бағынысында офицер болмаған жағдайда кемінде үш жыл үздіксіз әскери қызмет өтілі, жоғары білімі болған кезде офицер құрамының бос әскери лауазымына және базалық офицер курсынан өткеннен кейін тек кіші офицер құрамының лауазымына уақытша

тағайындалады. Базалық офицер курсының бағдарламаларын Қазақстан Республикасының Ұлттық қорғаныс университеті әзірлейді, оларды Қорғаныс министрінің бірінші орынбасары – Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері Бас штабының бастығы бекітеді және Қорғаныс министрлігіне ведомстволық бағынысты жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын іске асыратын әскери оқу орны жанында жүргізіледі.

Медициналық мамандық пен Қазақстан Республикасы Қорғаныс министрлігінің Спорт комитеті – Орталық спорт клубы лауазымына олимпиада ойынының, әлем чемпионатының, Азия чемпионатының және әскери спорт түрі бойынша халықаралық жарыстардың жүлдегер спортшыларын тағайындау кезінде кемінде үш жыл үздіксіз әскери қызмет өтілінің болуы талап етілмейді.

Ескерту. 3-тармақ жаңа редакцияда - ҚР Қорғаныс министрінің 15.01.2024 № 21 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

4. Офицерлер құрамының бос әскери лауазымына Қорғаныс министрлігінің, Бас штабтың құрылымдық бөлімшелерін, Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің бас басқармаларын және Қорғаныс министрлігі мен Қазақстан Республикасы Қарулы Күштерінің орталықтарын қоспағанда, олардың бағынысында офицерлер болмаған жағдайда әскери-есептік мамандығына сәйкес келетін мамандық бойынша жоғары білімі бар азаматтар тағайындалады.

Қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының бос әскери лауазымына лауазымға қажет білімі (негізгі орта білімі, орта білімі (жалпы орта білімі, техникалық және кәсіптік білімі) және орта білімнен кейінгі білімі) және мамандығы бойынша жұмыс тәжірибесі бар азаматтар уақытша тағайындалады.

5. Азаматтар офицерлер құрамының бос лауазымына уақытша тағайындауға ұсынылған кезде тиісті командир (бастық) осы Қағидаларға қосымшаға сәйкес бос лауазымға уақытша тағайындау кезінде ұсынылатын құжаттар тізбесін (бұдан әрі – Құжаттар тізбесі) қоса бере отырып, баянат жолдайды.

6. Азаматтарды қатардағы жауынгерлер мен сержанттар құрамының лауазымына уақытша тағайындау олар әскери бөлімнің (мекеменің) жасақтау органына Құжаттар тізбесін ұсынғаннан кейін жүзеге асырылады.

7. Әскери лауазымға уақытша тағайындалған азаматтар бұйрық шығарылған сәттен бастап үш жұмыс күні ішінде еңбек шартын жасайды.

Төмен тұрған құрамның<br>әскери қызметшілерін не<br>азаматтарды бос әскери<br>лауазымға уақытша<br>тағайындау қағидаларына<br>қосымша

**Бос лауазымға уақытша тағайындаған кезде ұсынылатын құжаттар тізбесі**

1. Қазақстан Республикасы азаматының жеке басын куәландыратын құжаттың көшірмесі;

2. Кадр қызметі растаған (болмаған жағдайда нотариат растаған) қосымшаларымен білімі туралы дипломның көшірмелері;

3. Кадр қызметі растаған (болмаған жағдайда нотариат растаған) еңбек кітапшасының көшірмесі (еңбек өтілі бар болған кезде);

4. Жеке табыс салығы мен мүлік жөніндегі декларацияның қабылданғаны туралы анықтама;

5. Соттылықтың болуы не болмауы туралы анықтама;

6. Алдын ала медициналық куәландырудан өтуі туралы құжат;

7. Резюме.

Қорғаныс министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесін
2-қосымша
Қазақстан Республикасы
Қорғаныс министрінің
2018 жылғы 9 қаңтардағы
№ 9 бұйрығымен
бекітілген

**Ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімін жасау қағидалары**

**1-тарау. Жалпы ережелер**

1. Осы Ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімін жасау қағидалары (бұдан әрі – Қағидалар) Қазақстан Республикасы Президентінің 2006 жылғы 25 мамырдағы № 124 Жарлығымен бекітілген Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларына (бұдан әрі – Әскери қызмет өткеру қағидалары) сәйкес әзірленді және ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін Қазақстан Республикасы Қарулы Күштері әскери қызметшілерінің тізімін жасау тәртібін айқындайды.

**2-тарау. Ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімін жасау тәртібі**

2. Әскери қызметшілерді ротациялау осы Қағидаларға 1-қосымшаға сәйкес нысан бойынша кадр органы жыл сайын жасайтын әскери қызметшілерді ротациялау жоспары (бұдан әрі – Ротациялау жоспары) негізінде жүзеге асырылады.

3. Әскери қызметшілерді ротациялау ол бекітілген жылдан кейінгі күнтізбелік жыл ішінде әскери қызметшілерді әскери лауазымға тағайындау арқылы әскери қызметті ұйымдастыруды ескере отырып жүргізіледі.

Ротациялау жоспары Әскери қызмет өткеру қағидаларының 83-тармағында айқындалған жағдайлар туындаған әскери қызметшілерге қатысты жасалады.

Ротациялау жоспарымен бір уақытта осы Қағидаларға 2-қосымшаға сәйкес нысан бойынша Ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімі (бұдан әрі – Тізім) жасалады.

Тізімге Әскери қызмет өткеру қағидалары 84-тармағының 1), 2), 3) және 4) тармақшаларында айқындалған әскери қызметшілер және әскери қызмет мүддесінде Әскери қызмет өткеру қағидаларының 45-тармағы негізінде екінші мерзімге лауазымда қалдырылуы мүмкін әскери қызметшілер енгізіледі.

4. Ротациялау жоспары мен Тізімге әскери бөлімнің (мекеменің) командирі ( бастығы) қол қояды және оны жыл сайын 10 желтоқсанға дейін лауазымды адамдар тізбесіндегі лауазымды адам бекітеді.

Ротациялау жоспары мен Тізімді инстанция бойынша келісу жүзеге асырылмайды.

5. Ротациялау жоспарына не Тізімге өзгерістер енгізу туралы шешімді оларды бекіткен лауазымды адам қабылдайды.

6. Бекітілген Ротациялау жоспарынан және Ротациялау жоспарына өзгерістерден үзінді оны бекіткеннен кейін бес жұмыс күні ішінде бағынысты әскери бөлімдерге ( мекемелерге) жолданады және тиісті командирлер (бастықтар) әскери қызметшілерге жеткізеді.

7. Ротациялау шарттары:

1) әскери қызметшінің бір әскери лауазымда болуының күнтізбелік бесжылдық мерзімі;

2) офицерлер құрамы үшін:

осы Қағидаларға 3-қосымшада көрсетілген климаттық жағдайы ауыр жергілікті жерде бір әскери бөлімде (бөлімшеде) үздіксіз әскери қызмет өткерудің күнтізбелік үшжылдық мерзімі;

осы Қағидаларға 4-қосымшада көрсетілген климаттық жағдайы ауыр жергілікті жерде бір гарнизонда үздіксіз әскери қызмет өткерудің күнтізбелік бесжылдық мерзімі;

климаттық жағдайы ауыр жергілікті жерге жатпайтын бір гарнизонда үздіксіз әскери қызмет өткерудің күнтізбелік сегіз жыл мерзімі (стратегиялық, жедел-стратегиялық әскери басқару органында қызмет өткеретіндерді және Қазақстан Республикасы Ұлттық қорғаныс университетінің профессор-оқытушы құрамын қоспағанда) болып табылады.

Магистратурада немесе докторантурада күндізгі оқу уақыты бір гарнизонда әскери қызмет өткеру мерзіміне есептелмейді.

Ескерту. 7-тармаққа өзгеріс енгізілді - ҚР Қорғаныс министрінің 15.01.2024 № 21 ( алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі) бұйрығымен.

8. Әскери бөлімдердің (мекемелердің) командирлері (бастықтары) ротациялау жүргізу нәтижесі туралы осы Қағидаларға 5-қосымшаға сәйкес нысан бойынша тоқсан сайын 5-і күніне қарай жоғары тұрған кадр органдарына баяндайды.

Ротациялау жоспарын және<br>ротациялау жоспарына<br>енгізілмейтін әскери<br>қызметшілердің тізімін жасау<br>қағидаларына<br>2-қосымша

Нысан

Бекітемін

___________________________

(лауазымы)

___________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20__ жылғы "___" _________

**20___ жылға арналған _______________________________ әскери қызметшілерін ( басқару органының атауы) ротациялау жоспары**

| Р/с № | Әскери атағы | Тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде) | Атқаратын лауазымы, лауазымда қай уақыттан бастап, штаттық-лауазымдық санаты | Туған күні, ұлты, білімі, білімі бойынша мамандығы, Қарулы Күштерде қай уақыттан бастап, келісімшарттың аяқталу күні | Әскери қызметшінің отбасы құрамы | Ротациялау үшін негіздеме | Жоспарланатын (ұсынылатын) лауазым, штаттық-лауазымдық санаты | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|

**Әскери бөлімнің командирі ______________________________________ (әскери атағы, қолы, тегі және инициалдары)**

Ротациялау жоспарын және<br>ротациялау жоспарына<br>енгізілмейтін әскери<br>қызметшілердің тізімін<br>жасау қағидаларына<br>2-қосымша

Нысан

Бекітемін

______________________________

(лауазымы)

______________________________

(әскери атағы, қолы, тегі және аты-жөні)

20__ ж. " ___" ________

## 20___ жылға арналған _____________________________________________ (басқару органының атауы) ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімі

| Р/с № | Әскери атағы | Тегі, аты, әкесінің аты (бар болған кезде) | Атқаратын лауазымы, лауазымда қай уақыттан бастап, штаттық-лауазымдық санаты | Туған күні, ұлты, білімі, білімі бойынша мамандығы, Қарулы Күштерде қай уақыттан бастап, келісімшарттың аяқталу күні | Әскери қызметшінің отбасы құрамы | Ротациялау үшін бар шарттар | Ротациялау жоспарына енгізбеу үшін негіздеме | Ескертпе |
|---|---|---|---|---|---|---|---|---|
| | | | | | | | | |

Әскери бөлімнің командирі ________________________________________

Ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімін жасау қағидаларына
3-қосымша

## Әскери қызмет өткерудің шекті мерзімі 3 жылдан аспайтын климаттық жағдайы ауыр жергілікті жердегі әскери бөлімдердің (бөлімшелердің) тізбесі

| Р/с № | Гарнизон (әскери бөлім (бөлімше) атауы | Елді мекен атауы |
|---|---|---|
| 1. | 51809-Г әскери бөлімі | Маңғыстау облысының Жаңаөзен қаласы |
| 2. | 30153 әскери бөлімінің авиацияны бағыттау пункті<br>51809-В әскери бөлімі<br>51809-Ж әскери бөлімі | Батыс Қазақстан облысы Жаңақала ауданының Жаңақазан кенті<br>Ақтөбе облысы Мұғалжар ауданының Жем қаласы |
| 3. | 31767-Ж әскери бөлімі | Абай облысы Үржар ауданының Мақаншы кенті |
| 4. | 97617-В әскери бөлімі | Алматы облысы Райымбек ауданының Нарынқол кенті |
| | | |

| | | |
|---|---|---|
| 5. | 97368 әскери бөлімі<br>31767-Е әскери бөлімі<br>31767-И әскери бөлімі<br>47007 әскери бөлімі | Шығыс Қазақстан облысы Алтай ауданының Серебрянск қаласы,<br>Күршім ауданының Боран кенті,<br>Тарбағатай ауданының Тұғыл кенті,<br>Абай облысы Жарма ауданының Жаңғызтөбе кенті |
| 6. | 31767-Д әскери бөлімі | Жетісу облысы Алакөл ауданының Достық кенті |

Ротациялау жоспарын және ротациялау жоспарына енгізілмейтін әскери қызметшілердің тізімін жасау қағидаларына
4-қосымша

**Әскери қызмет өткерудің шекті мерзімі 5 жылдан аспайтын климаттық жағдайы ауыр жергілікті жер тізбесі**

Ақмола облысында – Аршалы, Жарқайың, Есіл, Жақсы, Қорғалжын, Целиноград аудандары (Астана қаласын қоспағанда), Сілеті ауылдық округі және Степногорск қаласы;

Ақтөбе облысында – Байғанин және Мұғалжар аудандары;

Алматы облысында – Жамбыл, Іле, Талғар, Ұйғыр, Еңбекшіқазақ, Райымбек, Қонаев, Қарасай, Балқаш аудандары;

Жетісу облысында – Алакөл, Ескелді аудандары (Талдықорған қаласын қоспағанда), Кербұлақ, Көксу, Панфилов, Сарқанд аудандары, Текелі қаласы және Ақсу ауылы;

Атырау облысында – облыстың барлық аумағы;

Шығыс Қазақстан облысында – Қатонқарағай, Күршім, Зайсан, Тарбағатай, Жаңасемей, Таскескен аудандары;

Абай облысында – Абай, Аягөз, Бесқарағай, Жарма аудандары, Үржар ауданының Мақаншы ауылдық округі, Семей және Курчатов қалалары;

Жамбыл облысында – Қордай, Мойынқұм Талас, Байзақ және Шу аудандары және Жаңатас қаласы;

Батыс Қазақстан облысында – Жаңақала және Бөкейорда аудандары, Теректі ауданының Тайпақ ауылдық округі;

Қарағанды облысында – Абай, Нұра, Шет, Ақтоғай, Қарқаралы аудандары, Балқаш, Приозерск қалалары, Шет ауданының Ағадыр ауылдық округі;

Ұлытау облысында – Жаңаарқа, Ұлытау аудандары, Жезқазған, Сәтбаев, Қаражал қалалары және Жәйрем кенті;

Қостанай облысында – Арқалық қаласы;

Қызылорда облысында – облыстың барлық аумағы;

Маңғыстау облысында – Қарақия, Бейнеу, Маңғыстау, Мұнайлы аудандары ( Өмірзақ ауылын қоспағанда), Ақтау, Жаңаөзен және Форт-Шевченко қалалары;

Павлодар облысында – Май және Лебяжі аудандары;

Солтүстік Қазақстан облысында – Айыртау ауданы;

Оңтүстік Қазақстан облысында – Созақ, Сарыағаш аудандары (Келес ауылдық округін қоспағанда), Түркістан және Сарыағаш қалалары.

Ротациялау жоспарын және
ротациялау жоспарына
енгізілмейтін әскери
қызметшілердің тізімін жасау
қағидаларына
5-қосымша

Нысан

**20__ жылғы ___ тоқсан бойынша _____________________________ (басқару органының атауы) әскери қызметшілерін ротациялауды жүргізу нәтижесі туралы мәліметтер**

| **Р/с №** | **Ротациялау жоспарына енгізілген әскери қызметші саны** | **Оларға қатысты ротациялау жүргізілген әскери қызметші саны, оның ішінде:** | **Ескертпе** | | |
|---|---|---|---|---|---|
| **жоғары** | **тең** | **төмен** | | | |
| | | | | | |

Қорғаныс министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
3-қосымша

Қазақстан Республикасы
Қарулы Күштерінің әскери
бөлімдері мен мекемелерінің
іріктеу комиссияларын құру
және олардың жұмыс істеу
қағидаларына
қосымша

Нысан

| | |
|---|---|
| бұрыштық мөртаңба | **Кімге** ______________________________<br>(тегі, аты және әкесінің аты (бар болған кезде) |

**ХАБАРЛАМА**

Сізге ______________________________________________ байланысты келісімшарт

(қандай себеппен бас тарртылғаны көрсетіледі)

бойынша әскери қызметке қабылдаудан бас тартылғаны туралы хабарлаймыз.

Сізге қорғаныс істері жөніндегі департаменттің бастығына (әскери бөлім (мекеме) командиріне (бастығына) хабарлама алған күннен бастап үш айдан кешіктірілмейтін мерзімде шағым беруге құқығыныз бар екенін түсіндіреміз.

__________________________________________________

(лауазымнын атауы)

__________________________________________________

(әскери атағы, қолы, тегі, аты-жөні)

Қорғаныс министрінің
өзгерістер мен толықтырулар
енгізілетін кейбір
бұйрықтарының тізбесіне
4-қосымша

Қазақстан Республикасының
Қарулы Күштеріне келісімшарт
бойынша әскери қызметке кіру
үшін азаматтар қатарынан
кандидаттардың өтініштері
мен құжаттарын қарау
қағидаларына
қосымша

Нысан

(Кімге) ____________________
жергілікті әскери басқару
органының (ҚІБ, ҚІББ)
басшысы, әскери бөлімнің
(мекеменің) командирі
(бастығы)
(кімнен) ____________________
азаматтың тегі, аты және
әкесінің аты
(бар болған кезде)

__________________________
туған күні, айы және жылы

__________________________
тұрғылықты жері

**Өтініш**

"Әскери қызмет және әскери қызметшілердің мәртебесі туралы" Қазақстан Республикасы Заңының 40-бабына сәйкес менің құжаттарымды Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне ______________________ жыл мерзімге келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру және

____________________________________________________________________

(лауазымның атауы, әскери бөлім (мекеме)

бос әскери лауазымына тағайындау үшін қабылдауыңызды сұраймын.

Қазақстан Республикасының Қарулы Күштеріне келісімшарт бойынша әскери қызметке кіру үшін кандидаттарды іріктеуден өткізу шарттарымен және тәртібімен

таныстым, келісемін және оларды орындауға міндеттенемін. Қазақстан Республикасының Қарулы Күштерінде, басқа да әскерлері мен әскери құралымдарында әскери қызмет өткеру қағидаларының 21-тармағына сәйкес осы өтінішке ұсынылатын құжаттардың түпнұсқалығын растаймын.

Қосымша: ______________________________________________________________
_

________________________________________________________________________
__

қолы, күні

© 2012. Қазақстан Республикасы Әділет министрлігінің «Қазақстан Республикасының Заңнама және құқықтық ақпарат институты» ШЖҚ РМК